



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2020

Мазмұны:

ЕСЕП ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ	3
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ	4
Компания тарихы	8
2018 жылғы түйінді оқиғалары	10
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	13
Қызметкерлер	18
Басқару құрылымы	28
Корпоративтік басқару құрылымы	28
Директорлар кеңесінің құрамы.....	30
Қоғам Басқармасы	31
ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ	34
Нарыққа шолу және ондағы жағдай.....	35
Қызметтің өндірістік көрсеткіштері.....	37
Ысыраптарды төмендету динамикасы	38
2018 жылға электр энергиясы ысыраптарының құрылымы.....	38
Істен шығулары және авариялары	39
Электр желісіндегі апаттылықты жою бойынша іс-шаралар.....	40
«Шығысэнерготрейд» ЖШС электр энергиясын жеткізушілер	44
ШҚО бойынша ЭЖҰ тұтыну талдауы.....	47
«Шығысэнерготрейд» ЖШС тұтынушылары	48
Тұтынушылар саны және құрылымы.....	48
Байланыс орталығына келіп түскен қоңыраулар динамикасы.....	50
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ	52
2018 жылға күрделі қаржы салу көлемі	53
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ.....	60
Аудитор қорытындысы және ескертулермен бірге қаржылық есептеме.....	71

1. ЕСЕП ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР


Осы есепте «ШҚАЭК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС барлық мүдделі тұлғаларға 2020 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейінгі қызмет нәтижелері мен жетістіктері туралы толық шолуды ұсынады.

Осы есепте көрсетілген қоғамның және серіктестіктің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есебі «Делойт» ЖШС тәуелсіз аудиторымен расталды.

Осы есеп шеңберінде Экономика, экология, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, өндірістік және қаржылық қызмет саласындағы ақпарат келтірілген. Ақпарат және сандық мәліметтер 2020 жыл кезеңінде берілген, алайда ақпаратты салыстыру және талдау мақсатында кейбір көрсеткіштерде қолданылатын 2014 – 2020 жылғы нақты деректер пайдаланылған.

Есеп беру циклы-жыл сайын.

Жылдық есепті дайындау кезінде құрылымдық бөлімшелерден алынған есептер, аудиттелген қаржылық есептілік, BIS CUBIC Energy, KUFIB, 1С және т.б. аналитикалық мәліметтер пайдаланылды.



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ





ШҚАЭК

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТЫҚ
ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«ШҚ АЭК» АҚ

Шығыс Қазақстанның тарату желілері 1949 жылдан бастап жұмыс істейді.

«Шығыс Қазақстан өңірлік энергетикалық компаниясы» АҚ (бұдан әрі «ШҚ АЭК» АҚ) негізгі қызметі Шығыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан тұтынушыларға өңірлік және жергілікті деңгейдегі желілер арқылы электр энергиясын беру болып табылады.

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметтің осы түрі табиғи монополия саласына жатады, осыған байланысты «ШҚ АЭК» АҚ Шығыс Қазақстан облысы бойынша табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөлімінде орналасқан және оның қызметі мемлекеттік уәкілетті органмен реттеледі.

«ШҚ АЭК» АҚ **34 449,47** км электр беру желілеріне қызмет көрсетеді. Облыста **15** селолық аудан, **10** қала, **872** кент пен село, **254** селолық және ауылдық округ бар.

Қызмет көрсететін аумақтың ауданы - **283 300** шаршы шақырым. 35 кВ және одан жоғары трансформаторлық қосалқы станциялардың саны - **311** дана, ТП, КТП, РП, ЦРП – **6 447** дана, есептеу нүктелерінің саны - **478 214**. Компания активтері **230 854** шартты бірліктен асады. Олардың қызметімен **3000**-нан астам қызметкер айналысады.

Қызмет көрсетілетін жабдық бірліктерінің саны және электр желілерінің ұзындығы бойынша «ШҚ АЭК» АҚ тек Шығыс Қазақстан облысында ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның ең ірі өңірлік энергия беруші кәсіпорындарының бірі болып табылады.

«ШҚ АЭК» АҚ негізгі өндірістік міндеті негізгі және қосалқы энергетикалық жабдықтың сенімді жұмыс істеуі арқылы тұтынушыларға электр энергиясын үздіксіз беруді қамтамасыз ету болып табылады.

Осы міндеттерге қол жеткізу үшін «ШҚ АЭК» АҚ жыл сайынғы техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады, негізгі электр жабдықтарын күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізеді, нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауды ескере отырып, инвестициялық міндеттемелерге сәйкес іс-шараларды іске асырады.

Қоғамда үш халықаралық стандарт: ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018 бойынша біріктірілген менеджмент жүйесі енгізілді және жұмыс істейді.

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлікке және кәсіпорын жарғысына сәйкес кәсіпорынның атауы: мемлекеттік тілде «Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компаниясы» акционерлік қоғамы; орыс тілінде Акционерное общество «Восточно-Казахстанская Региональная Энергетическая Компания».

Кәсіпорынның мекен-жайы

070002, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Бажов көшесі 10.


Телефон: +7 (7232) 29-36-60

Факс: +7 (7232) 75-20-51, e-mail: headoffice@ekrec.kz

«Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компаниясы» АҚ негізгі энергия беруші кәсіпорындардың бірі болып табылады. Табиғи монополия субъектілерінің жергілікті бөліміне кіреді.


«ШҚ АЭК» АҚ ЖЕЛІЛЕРІНЕ ҚОСЫЛҒАН ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Тұтынушылар саны 460 062



- заңды тұлғалар - 4,5%
- жеке тұлғалар - 95,5%

Электр энергиясының жіберілімі және нақты шығындар



- эл/энергиясын беру көлемі, млн.кВт.сағ.
- эл/энергия ысыраптары, млн.кВт.сағ.



283 300 шаршы километр - 22 АЭЖ қызмет көрсетеді

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Күштік жабдықтардың саны, желілердегі ең жоғары жүктеме

Барлығы ҚС-35 кВ және одан жоғары – 311 дана.
 Барлық ТК, КТП, РП, ЦРП – 6 447 дана.
 Барлық трансформаторлар 0,4-6-10-35 және одан жоғары: 7 124 дана-4 942,9 МВА
 Қысқы кезеңдегі жүктеме max. - 715 МВт

ӘЖ, КЖ ұзындығы- 34 449,47 км, оның ішінде:
 35-220 кВ ӘБЖ-9 180,57 км
 0,4-6-10 кВ ӘБЖ-23 531,47 км
 0,4-6-10 кВ КЖ - 1 737,42 км



ШЫҒЫС ЭНЕРГОТРЕЙД

«Шығысэнерготрейд» ЖШС – «ШҚ АЭК» АҚ еншілес компаниясы

«Шығысэнерготрейд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) «ШҚ АЭК» АҚ Энергосбыт базасында 2004 жылғы 28 қыркүйекте құрылды (ШҚО Әділет департаментінде заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 28.12.2011 ж. № 365-1917-01-ЖШС куәлігі). - Парламент «Электр энергетикасы туралы» Заңды қабылдағаннан кейін. Осы Заң электр энергетикасын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасында көзделген жаңа нарықтық модельді енгізу шеңберінде электр энергиясын энергиямен жабдықтау жөніндегі қызметтен беру жөніндегі қызметті бөледі.

Серіктестіктің жалғыз қатысушысы «Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компаниясы» АҚ болып табылады.

«Шығысэнерготрейд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Жарғыға сәйкес негізгі қызмет түрі электр энергиясын сатып алу және тұтынушыларға сатып алынған электр энергиясын сату болып табылады (28.03.2014 ж. № 14004072 «Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу» қызметін жүзеге асыруға лицензия).

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлікке және кәсіпорын жарғысына сәйкес кәсіпорынның атауы: мемлекеттік тілде «Шығысэнерготрейд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі; орыс тілінде товарищество с ограниченной ответственностью «Шығысэнерготрейд».

Кәсіпорынның мекен-жайы

070002, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы,

Шәкәрім даңғылы, 156

Телефон: + 7 (7232) 56-98-80

Факс: +7 (7232) 78-37-90, e-mail: shygys@shygys.kz

«ШҚ АЭК» АҚ компаниясының тарихы

Жыл	Даму кезеңдері
1997 год	«Алтайэнерго» біртұтас энергетикалық жүйе ретінде жұмыс жасауды тоқтатты, Шығыс Қазақстан желілері дербес заңды тұлға болды. Магистральдық желілер мен қосалқы станциялар «КЕГОС»АҚ-ға берілді. Жеке заңды тұлға – «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компания» жабық акционерлік қоғамы құрылды
1999 год	«ШҚ АЭК» ЖАҚ Семей филиалымен бірге AES корпорациясының басқаруына берілді
2001 год	Шығыс Қазақстан облысы бойынша шығындарға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар кешені іске асырылуда
2004 год	Қазақстан Республикасының энергия беруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың функцияларын бөлу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес, «ШҚ АЭК» АҚ Энергия өткізу базасында ШҚО электр энергиясын кепілдік беруші «Шығысэнерготрейд» ЖШС құрылды «ШҚ АЭК» АҚ өзін көтерушіоқшауланған сымды қолдануды бастайды. Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу туралы шешім қабылданды. Бұл жоба өзін көтерушіоқшауланған сымды қолдану жобасы сияқты ҚР-да басқа электржелілік компаниялар арасында бірінші болды
2005 год	«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» ЖАҚ «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ-да қайта тіркелді
2006 год	Шығыс және Семей аймақтары «ШҚ АЭК» АҚ бірыңғай тарату компаниясына біріктірілді
2008 год	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының» 2003-2015 жылдарға арналған Стратегиясын орындау мақсатында «ШҚ АЭК» АҚ TÜV SÜD Management Service GmbH (Германия) сертификаттау жөніндегі органда: ISO 14001 және BS OHSAS 18001 стандарты талаптарының негізінде менеджменттің интеграцияланған жүйесін енгізді және сертификаттады
2010 год	«ШҚ АЭК» АҚ Қазақстанның алғашқы кәсіпорындарының бірі болып тәжірибелік, содан кейін бірінші деңгейдегі ЭКЕАЖ өнеркәсіптік пайдалануға енгізуді орындады. Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу тәжірибесі ТМД бойынша үздік деп танылды
2011 год	«ШҚ АЭК» АҚ TÜV SÜD Management Service GmbH (Германия) сертификаттау жөніндегі органда: ISO 9001, ISO 14001 және BS OHSAS 18001 үш халықаралық стандартының талаптары негізінде менеджменттің интеграцияланған жүйесін енгізді және сертификаттады
2012 год	«ШҚ АЭК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС «Самұрық-Энерго» АҚ энергетикалық холдингіне сенімді басқаруға берілді
2015 год	Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің және БҰҰДБ «ПХД басқару бойынша кешенді жоспарды әзірлеу және орындау» бірлескен жобасы бойынша (2010 жылдан бастап) құрамында ПХД бар конденсаторларды Лион қаласында (Франция) жоюға шығару жүргізілді, оның ішінде «ШҚ АЭК» АҚ - дан 331 конденсатор
с 2014 по 2017 год	«ШҚ АЭК» АҚ инвестициялық бағдарламасы аясында жыл сайын желілер мен электр жабдықтарын қайта жаңарту, ауыстыру және жөндеу жұмыстары жүргізілуде, осыған байланысты электрмен жабдықтау сенімділігі жоспарлы түрде жоғарылауда
с 2014 по 2017 год	80 000 астам абонентте АСКУЭ енгізу бойынша жұмыстар орындалды
2017 год	2017 жылғы 14 желтоқсанда «Самұрық-Энерго» энергетикалық холдингі» АҚ жаңа меншік иесіне -«Шығыс Қазақстандық энергетикалық компаниясы» ЖШС-не сатылды
2018 год	«ШҚ АЭК» АҚ бақылау аудитінен өту аясында 2015 жылғы жаңа нұсқадағы ISO 9001 және ISO 14001 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке табысты көшуді жүзеге асырды
2018 год	«ШҚ АЭК» АҚ мен Еуразиялық даму банкі өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды
2018 год	Семей аудандық электр желілерінің 100 жылдығы. «Мінсіз қызметі үшін» жоғары корпоративтік медалінің құрылуы Семей аудандық электр желілерінің 100 жылдығына орай «100 жыл Семей электр желісі» мерейтойлық медалі белгіленді
2019 год	Шығыс Қазақстан электр желілерінің 70 жылдық мерейтойын мерекелеу. «Мінсіз қызметі үшін» жоғары корпоративтік медалімен және бағалы сыйлықпен марапаттау, Энергетика министрлігінің, КЭБ наградаларын және III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденін тапсыру
2020 год	«ШҚ АЭК» АҚ БМЖ қайта сертификаттау аудитінен өту аясында ISO 45001:2018 жаңа халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келуге сәтті көшті

«Шығысэнерготрейд» ЖШС

Жыл	V, Млн. кВт.ч	Орташа тариф	УУК*, %	Даму кезеңдері
2004				28 қыркүйек заңды тұлғаны тіркеу
2005	1 958	3,3	96	Кассалық әдістен э/э үшін төлем есептеуге көшу, «APLOS» биллингтік бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу
2006	2 096	3,91	97	ҚӨО ашу, төлемнің баламалы тәсілдері бойынша жобаларды әзірлеу
2007	2 123	4,9	94	Тұтынушылар үшін жылу және электрмен жабдықтау мәселелері бойынша бірыңғай Call Center құру, Қостанай мен Қызылордада бөлімшелер ашу
2008	2 224	5,6	-	ISO 9001: 2000 сертификаттау, Қызылорда және Қостанайда бөлімшелердің жабылуы
2009	2 202	6,2	95	Биллинг бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңғырту, қосымша табыс бойынша жобалар-есептеу құралдарын және жарықдиодты өнімдерді сату, шот айналымындағы жарнама
2010	2 262	7,48	86	KAIDZEN және APEX үздіксіз жетілдіру стратегиясы, баламалы төлем жолдары (сайт арқылы төлем, Handy Pay, төлем терминалдары)
2011	2 542	8,13	97	Алғаш рет жыл табысты аяқталды, ISO 9001:2008 қайта сертификаттау
2012	2 668	9,14	95,3	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы, электрмен жабдықтау және сумен жабдықтау мәселелері бойынша қызмет көрсететін байланыс орталығының активтері қабылданды, ҚӨО-да «электрондық кезек», бейнебақылау (31 учаскеде) жобалары жүзеге асырылды
2013	2 576,5	10,22	97,1	Биллингтік бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңарту, Жезкент және Усть-Таловка кентінің тұтынушылары қосылды, корпоративтік басқару жүйесі енгізілуде: басқару органдары, Даму стратегиясы, тәуекелдерді басқару жүйесі бекітілді
2014	2 659	10,87	97,2	www.shygys.kz корпоративтік сайтта «жеке кабинет» енгізілді, байланыс орталығына 12 аудан мен заңды тұлғалар қосылды
2015	2 643	10,516	98	Комиссиясыз автоматтандырылған кассалар, sms-шот және электр энергиясы қарызы туралы sms-ақпарат, Байланыс Орталығына 7 аудан қосылды, жеке кабинетте «есеп айырысу калькуляторы» әзірленді
2016	2 671	10,509	98,4	1С 8.3 платформасына көшу, электрондық шот-фактуралармен жұмыс бойынша Мемлекеттік салық органдарының порталдарымен есептік жүйелерді интеграциялау, www.shygys.kz сайтта «жеке кабинет» жаңартылды, Android және iOS базасында мобильді құрылғыларға арналған «жеке кабинет» енгізілді
2017	2 618	11,088	98	Шемонаиха ауданының Жезкент және Усть-Таловка к. т ұтынушыларын энергиямен жабдықтау, Өскемен және Семей қ. операторлардың жұмысын бағалау үшін «дауыс беру түймелері» жүйесін орнату, ISO 9001:2015 жаңартылған нұсқасының талаптарына сәйкестігін сертификаттау
2018	2 632	11,642	-	Қадағалау кеңесін алып тастау бөлігінде Серіктестік органдарына өзгерістер енгізу; ұйымдастыру құрылымын оңтайландыру; ISO 9001:2015 сертификатынан бас тарту
2019	2515	11,518	-	Тұтынушылардың шағымдарына байланысты Өскемен қаласының Сол жағалау учаскесінің кеңсесі ашылды. Тұтынушылардан қосымша өтінімдерді қабылдау WhatsApp арқылы жүзеге асырыла бастады. Төлем терминалдарын онлайн фискализациялауға көшу жүргізілді
2020	2525	12,176	-	Еңбек шарттарының epbek.kz автоматтандырылған электрондық есебіне 100% ауысу жүргізілді. Shygys.kz сайтының интерфейсі мен дизайны жаңартылды. Cubic АЖ өнімділігін жақсартатын жаңа есептеу ресурстары (серверлер) пайдалануға енгізілді (ескі серверде жабу 2 күн бойы жүзеге асырылатын, осыған байланысты облыс бойынша терминалдар тұтынушылардан төлемді онлайн режимінде қабылдай алмайтын, жаңасында 8 сағат ішінде)

2020 жылдың негізгі оқиғалары «ШҚ АЭК» АҚ

№	Оқиға	Күні
1	Еріктілер жылы аясында жас энергетиктер жалғыз басты зейнеткерлерге көмек көрсетті. Олардың көпшілігі табиғаттың дүлей күшінің тұтқыны болды, үйлерді қар басып қалды. Көмек Согра кенттерінде, Өскемен қаласының Защита ауданында және Семей қаласының Vodный, Мирный кенттерінде көрсетілді	қаңтар
2	Кәсіпорында «Жігерлі адамдар» жобасы іске қосылды, оның мақсаты – жас энергетиктер үшін үлгі болып табылатын қызметкерлермен танысу	Ақпан
3	Төтенше жағдай кезінде мыңдаған Қазақстандықтар өздеріне және жақындарына қамқорлық жасауға тиіс. Шығыс Қазақстанның энергетиктері маңызды хабарламаға қосылып, жерлестерінен үйде қалуды сұрайды. Аймақ аумағында төтенше жағдай тәртібін енгізумен ШҚО энергетиктері жоғары дайындық тәртібінде жұмыс істеуде. Карантин кезеңінде энергиямен жабдықтаудың сенімділігін кезекші өндірістік қызметкерлермен қамтамасыз етіледі. Күн сайын «ШҚ АЭК» АҚ энергетиктері халықтың өмірі мен қызметіне жауап беретін Облыстың үйлері мен әлеуметтік маңызы бар нысандарын электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Бұл денсаулық сақтау мекемелері, мемлекеттік сектор, коммуналдық қызметтер, қаржы ұйымдары	Наурыз - маусым
4	ISO 9001 сапа менеджменті жүйесінің, ISO 14001 экологиялық менеджмент жүйесінің, ISO 45001 денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесінің халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке БМЖ бойынша сыртқы қайта сертификаттау аудиті жүргізілді	Маусым
5	Электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметке бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы, 2020 жылдың 1 жартыжылдығы бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы жыл сайынғы есептің көпшілік тыңдауы өтті	Шілде
6	2021-2025 жылдарға ұзақ мерзімді кезеңге «ШҚ АЭК» АҚ электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерінің тарифтері мен инвестициялық бағдарламасы бекітілді	Тамыз
7	«ШҚ АЭК» АҚ кестеге сәйкес негізгі және қосалқы жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды жоспарланған барлық жөндеу жұмыстары орындалды. Бұған 28 қыркүйекте жылдың басты құжатын – 2020-2021 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындық төлқұжатын алу дәлел болды. Жұмысқа дайындық төлқұжатын алу - компанияның бүкіл ұжымының қажырлы еңбегінің нәтижесі	Қыркүйек
8	Аккредиттеу жөніндегі орган сәйкестікті бағалау және ГОСТ ISO/IEC 17025-2019 стандартының жаңа нұсқасына ауысу үшін Тексеру зертханасына инспекциялық тексеру жүргізді	Қазан
9	Тексеру зертханасы аккредиттеу аттестатын алды (30.12.2020ж. №1491-ОД бұйрығы «Аккредиттеу және аккредиттеу аттестаттарын қайта ресімдеу туралы»)	Желтоқсан
10	255 қызметкерді медальдар және төсбелгілермен, ҚР Энергетика министрлігінің, КЭА, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің, Өскемен қаласы әкімінің, Директорлар кеңесінің, Басқарма төрағасының құрмет грамоталарымен және алғыс хаттарымен марапаттау өткізілді	Желтоқсан

«ҚРҰЭМТМРК ШҚО бойынша департаменті» РММ (ТМЖБД) 23.11.2015ж. №388-ОД бұйрығымен «ШҚ АЭК» АҚ 2016-2020 жылдарға көрсететін электр энергиясын беру және тарату қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметалардың шекті деңгейлері бекітілді.

2019 жылғы тарифтік сметаны орындау нәтижелері бойынша ТМЖБД 4,698 тг/кВтсағ мөлшерінде уақытша өтемдік тарифті (УӨТ) бекітті. (ҚҚС-сыз) - бекітілген тарифтік сметаның шығын баптарын 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2021 жылғы 31 тамызға дейін қолданысқа енгізе отырып, 5% - дан астам орындамағаны (үнемдегені) үшін («су және канализация», «жылыту және ГВС», «лицензиялық бағдарламалық өнімді пайдалану», «байланыс қызметтері», «сақтандыру шығындары», «еңбекті қорғау және ҚТ шығындары, өртке қарсы іс-шаралар» баптары бойынша игерілмегені). «ШҚ АЭК» АҚ Басқарма Төрағасының 2020 жылғы 02 шілдедегі №484 бұйрығына сәйкес, тұтынушылар шығындарының толық өтелуіне, атап айтқанда, негізсіз алынған табыс сомасының 6 389,832 мың теңге мөлшерінде қайтарылуына байланысты, ТМЖБД УӨТ бекіту туралы бұйрықты оны қолданысқа енгізгенге дейін күшін жойды.

Тарифтердің бекітілген деңгейі	2016 жыл	2017 жыл*	2018 жыл**	2019 жыл***	2020 жыл****
теңге / кВт * сағ, ҚҚС-сыз	3,76	3,82 / 3,839	4,00 / 4,40	4,08 / 4,19	4,26 / 4,70

**** 2017 жылға тарифті бекіту:**

- 01.01.2017 ж. бастап «ШҚ АЭК» АҚ үшін 3,82 теңге/кВтс мөлшерінде тариф бекітілді (ҚҚС-сыз);
- 01.06.2017 ж. бастап 3,839 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз) мөлшерінде төтенше реттеуші шара (ТРШ) ретінде тариф бекітілді. 2017 жылдың қорытындысы бойынша орташа тариф 3,831 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз) құрады.

**** 2018 жылға тарифті бекіту:**


- 01.01.2018 ж. бастап 4,00 теңге/кВтс мөлшерінде тариф бекітілді (ҚҚС-сыз);
- 01.03.2018 ж. бастап 4,40 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз) мөлшерінде ТРШ ретінде тариф бекітілді. 2018 жылдың қорытындысы бойынша орташа тариф 4,33 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз) құрады.

***** 2019 жылға арналған тарифті бекіту:**

- 01.01.2019 ж. бастап 4,08 теңге / квтс мөлшерінде тариф бекітілді (ҚҚС-сыз);
- 01.03.2019 ж. бастап тариф оның әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін өзгертілген және 4,19 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз) мөлшерінде бекітілген. 2019 жылдың қорытындысы бойынша орташа тариф 4,17 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз) құрады.

****** 2020 жылға арналған тарифті бекіту:**

- 01.01.2019 ж. бастап 4,26 теңге / квтс мөлшерінде тариф бекітілді (ҚҚС-сыз);
- тариф оның әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін өзгертілген және 4,70 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз) мөлшерінде бекітілген. 2020 жылдың қорытындысы бойынша орташа тариф 4,61 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз) құрады.



«Шығысэнерготрейд» ЖШС

№	Событие	Дата
1	Алдағы уақытта өткізу департаментіне ауыстыра отырып, қызметкерлерді оқыту арқылы Байланыс орталығының қызметін жақсарту	қаңтар - желтоқсан
2	Бейінді бөлімшелердің ішкі күшімен қызметкерлерді оқыту жүргізілді - 44 қызметкер	қаңтар - желтоқсан
3	Волонтерлік қозғалыс бойынша іс-шара өткізілді: ҰОС ардагерінің ауласын қардан тазарту	қаңтар
4	ҚР-дағы Төтенше жағдай кезеңінде облыстық бюджет тарапынан коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге өтінімдер қабылдау үшін халыққа қызмет көрсету жөніндегі екінші байланыс орталығын ұйымдастыру	мамыр- тамыз
5	Волонтерлік қозғалыс бойынша іс-шара өткізілді: Устинка+ газетіне 9 зейнеткерге бір айлық тартулық жазылым	наурыз
6	Епбек.kz-те еңбек шарттарының автоматтандырылған электрондық есебіне 100% көшу жүргізілді	тамыз
7	Семей қ., Аягөз қ., Зайсан қ. әкімдерімен және коммуналдық ұйымдармен бірлесіп RPS Asia базасында ЕРЦ іске қосу шеңберінде кеңестер өткізілді	қазан
8	Волонтерлік қозғалыс бойынша іс-шара өткізілді: 1048 жөргекті сатып алу бөлігінде Мамандандырылған балалар үйіне көмек көрсету науқаны	қараша
9	Күрделі коммуналдық мәселелер бойынша аудан әкімдерімен кездесулер өткізілді	қараша
10	Shygys.kz сайттың интерфейсі мен дизайны жаңартылды	қараша
11	Cubic АЖ өнімділігін жақсартатын жаңа есептеу ресурстары (серверлер) пайдалануға енгізілді	желтоқсан
12	Серіктестіктің құрылымы мен штаттық кестесі өзгертілді	желтоқсан
13	Волонтерлік қозғалыс бойынша іс-шара өткізілді: аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету, заттар жинау, жаңа жылдық сыйлықтар.	желтоқсан

«ШҚ АЭК» АҚ еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

Есепті 2020 жылы «ШҚ АЭК» АҚ өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қызметкерлермен жұмыс істеу деңгейін күшейту бойынша елеулі жұмыстар атқарылды. Компанияның өндірістік қызметкерлері жаңа технологиялар мен материалдарды қолдана отырып дайындалған заманауи жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен, өрт сөндіру құралдарымен, медициналық дәрі қобдишалармен, қауіпсіздік плакаттарымен, ыңғайлы және сапалы арнайы киім мен арнайы аяқ киіммен толық жабдықталған.

Кәсіпорын денсаулық сақтау жағдайына және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бақылауды жүзеге асырады. Денсаулық сақтау мен еңбек қауіпсіздігіне елеулі әсер етуі мүмкін операциялық қызметтің негізгі сипаттамалары өлшенеді, бұл мониторинг пен өлшеу КН 01-04 «еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша өндірістік бақылау» талаптарына сәйкес және кәсіпорынның әрбір құрылымдық бөлімшесінде ай сайынғы ҚТ күндерін өткізу жолымен, энергия объектілеріндегі еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы жағдайын жақсартуға және өрт қауіпсіздігін арттыруға бағытталған қорытынды бұйрықтар шығару арқылы жүргізіледі. Зиянды еңбек жағдайларында қызметті жүзеге асыратын қызметкерлер үшін жеңілдіктер мен кепілдіктерге қатысты заңнамалық-құқықтық және нормативтік құжаттардың талаптары толық орындалады.

«Электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді және бөлуді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану ережелерін және қауіпсіздік ережелерін білуіне біліктілік тексеру жүргізу ережесі» негізінде «ШҚ АЭК» АҚ-да бекітілген кесте бойынша барлық өндірістік қызметкерлердің біліміне біліктілік тексеру жүргізіледі. 2020 жылы «ШҚ АЭК» АҚ жұмыс істеп тұрған комиссияларында 2 187 адам біліктілік тексеруден өтті. (оның ішінде Кәсіпорынның Орталық комиссиясында 458 адам, АЭЖ/аймақтардың құрылымдық бөлімшелерінің/техникалық басқармалардың/ қызметтердің комиссияларында 1 729 адам).

Сондай-ақ, ҚТ кабинеттерінде жаңадан қабылданған және іссапарға жіберілген қызметкерлерге, ҚМҰ қызметкерлеріне, сондай-ақ студент-практиканттарға кіріспе нұсқаулар жүргізіледі. 2020 жылы 1 052 дана (оның ішінде 488 дана - жаңадан қабылданған қызметкерлерге, 465 дана - мердігерлік ұйымдар мен ҚМК қызметкерлеріне, 99 дана - практиканттарға) кіріспе нұсқаулықтар өткізілді.

Халықпен электр тогымен зақымдану қаупі туралы жұмыс жүргізілуде. Мектептерде әңгімелесулер өткізіліп, балалар электр жарақатының алдын алу бойынша БАҚ-та жарияланымдары бар. 2020 жылы 2020 жылы РЭҚ, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ инженерлері, ЕҚҚ, ҚТ және Э инженерлері Шығыс



Қазақстан облысының мектептері мен лицейлерінде электр қауіпсіздігі бойынша 48 сабақ өткізді. 2020 жыл ішінде электр беру желілері мен электр қондырғылары маңындағы жүріс-тұрыс қағидалары туралы ақпарат келесі БАҚ-қа берілді:


- *сайттар:* www.yk-news.kz, www.inbusiness.kz, www.kremzk.gov.kz, www.altaynews.kz, www.khabar.kz, www.ustinka.kz, www.semeyainasy.kz

«Қазақстан Республикасының энергетикалық ұйымдарында қызметкерлермен жұмыс істеу ережелеріне» сәйкес барлық басшы құрам еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша мерзімді оқытудан өтеді. Сондай-ақ, өрт - техникалық білім алу және тереңдету мақсатында компания қызметкерлеріне 2 864 адам (оның ішінде басшыларға - 59 адам, қызметкерге - 2 805 адам) бекітілген бағдарлама бойынша өрт-техникалық минимум өткізілді.

2020 жылы «ШҚ АЭК» АҚ қызметкерлерімен 3 жазатайым оқиға болды. Барлық жазатайым оқиғалар бойынша тергеу Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 20-тарауының талаптарына сәйкес жүргізілді. Жазатайым оқиғалардың себептері анықталады, ұқсас жазатайым оқиғалардың алдын алуға бағытталған түзету шаралары жасалып, жүзеге асырылады.

«ШҚ АЭК» АҚ электр қондырғыларында жұмыстарды орындау үшін құрылыс-монтаж ұйымдарының (бұдан әрі - ҚМҰ) қызметкерлерін жіберу ҚР ЭМ 31.03.2015 жылғы № 253 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларының 491-506-тармақтарының және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

2010 – 2020 жылдардағы өндірістік жарақаттану динамикасы



Еңбекті қорғау шығындары, мың теңге

Атауы	2017 г.	2018 г.	2019 г.	2020 г.
БАРЛЫҒЫ:	207 822	218 623	308 726	379 419
Материалдар: оның ішінде	133 393	145 592	223 367	299 996
Сабын жуғыш құралдар, дәрі-дәрмектер	6 497	9 425	8 757	12 748
Арнайы киім, арнайы аяқ киім	71 387	85 063	148 553	161 220
Арнайы тамақ, сүт	3 338	7 675	13 409	15 279
Техникалық әдебиет, стендтер, плакаттар, бланкілер	3 382	2 143	3 725	1 046
Жеке қорғану құралдары	26 508	16 982	26 528	73 605
Өзге материалдар	2 823	5 119	3 684	6 889
Құрал	13 622	13 741	13 216	28 238
Еңбекті қорғау жөніндегі өзге де шығыстар: оның ішінде	74 429	73 031	85 358	79 423
Жылдық медициналық тексеру	15 840	16 091	15 320	15 637
Ауысым алдындағы медициналық тексеру	45 778	40 821	32 604	33 281

«ШҚ АЭК» АҚ қоршаған ортаны қорғау»

«ШҚ АЭК» АҚ қызметінің негізгі түрі электр энергиясын беру болып табылады.

«ШҚ АЭК» АҚ өндірістік объектілердің санитарлық жіктелуі бойынша қауіптіліктің 4 сыныбына, III санатқа жатады.

2010 жылдан бастап «ШҚ АЭК» АҚ ISO 14001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі (экологиялық менеджмент жүйесі) жұмыс істейді.

2018 жылдан бастап кәсіпорын ISO 14001: 2015 стандартының жаңа нұсқасына көшті.

Экологиялық менеджмент жүйесі-экологиялық саясатты (БМЖ Саясаты) әзірлеу, енгізу, іске асыру, талдау және қолдау үшін қажетті ұйымдастырушылық құрылымды, жоспарлауды, жауапкершілікті, әдістерді, рәсімдерді, процестер мен ресурстарды қамтитын әкімшілік басқарудың жалпы жүйесінің бөлігі.

2020 жылдың басты мақсаты АЭЖ-нің ТП, КТП күрделі жөндеу жүргізу арқылы май толтырылған жабдықтарды пайдалану кезінде қоршаған орта компоненттерінің ластануын болдырмау бекітілді.

Осы мақсаттарды орындау үшін май толтырылған жабдықтар мен қосалқы станцияларға күрделі және ағымдағы жөндеуді ұйымдастыру және жүргізу бойынша міндеттер анықталды.

Май толтырылған жабдықты сақтау және пайдалану кезінде қоршаған орта компоненттерінің ластануын болдырмау жөніндегі мақсатқа қол жеткізу үшін:

1) Алтай аймағы бойынша 227 дана санында ҚС күштік трансформаторларына ағымдағы жөндеу жүргізілді, сондай-ақ 173 дана санында ТҚС, ЖТҚС күштік трансформаторларына жөндеу жүргізілді.

2) Абай аймағы бойынша 179 дана санында ТҚС, ЖТҚС күштік трансформаторларына ағымдағы жөндеу жүргізілді, сондай-ақ 447 дана санында жабдықтан майдың ағып кетуіне жол бермеу мақсатында аймақтың ҚС май толтырылған жабдығына техникалық қызмет көрсету жүргізілді.

3) Жабдықтарды жөндеу қызметі бойынша жоспарға сәйкес 13 дана санында трансформаторларға ағымдағы күрделі жөндеу және 7 дана санында 110 кВ ажыратқыштарына күрделі жөндеу жүргізілді.

2020 жылға арналған инвестициялық бағдарламаны орындау аясында ауыстыру жұмыстары жүргізілді:

- ҚС №55 110 кВ май ажыратқыштарын элегазды ажыратқыштарға 3 дана санында;

- ҚС Самарка 110 кВ май ажыратқыштарын элегазды ажыратқыштарға 1 дана санында;

- ҚС №39 35 кВ май ажыратқыштарын элегазды ажыратқыштарға 3 дана санында;

- 10 кВ май ажыратқыштарын вакуумды ажыратқыштарға ҚС Бородулиха 9 дана санында, ҚС Ге-

оргиевка 10 дана санында, ҚС Левобережная 4 дана санында және ҚС №4 15 дана санында, ҚС РП-Шемонаиха 8 дана санында, ҚС Мелькомбинат 9 дана санында, ҚС Теректы Булак 3 дана санында, ҚС Тауке 11 дана санында, ҚС №9 10 дана санында, ҚС №16 10 дана санында, ҚС Химстрой 10 дана санында және ҚС Соловьево 8 дана санында.

«ШҚ АЭК» АҚ өндірістік экологиялық бақылау 2018-2027 жылдарға арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы негізінде жүргізіледі.

Кәсіпорынның өндірістік алаңдарында түгендеу қорытындысы бойынша атмосфераға ластаушы заттардың 416 шығарынды көздері бар, оның ішінде:

- Ұйымдастырылған шығарынды 112 көздері
- 304 ұйымдастырылмаған көздер.

Лаस्ताушы заттардың шығарындылары «Қоршаған ортаға эмиссияларға 12.11.2018ж. № KZ84VDD00104111 рұқсатына» сәйкес жүзеге асырылады. «Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың» қолданылу мерзімі 30.11.2018 жылдан 31.12.2027 жылға дейін.

Шашырауды есептеуге сәйкес «ШҚ АЭК» АҚ-ның атмосфералық ауаның Жалпы ластануына қосқан үлесі елеусіз, осыған байланысты атмосфераға лаस्ताушы заттардың шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу талап етілмейді. Қолайсыз метеожағдайлар кезеңінде атмосфераға лаस्ताушы заттардың шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары, сондай-ақ шекті рұқсат етілген шығарынды томымен қарастырылмаған.

«ШҚ АЭК» АҚ бойынша 2020 жылы қоршаған ортаның өндірістік мониторингі «2018-2027 жж. кезеңіне өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына» сәйкес толық көлемде орындалды. Тоқсан сайын ӨЭК бойынша есептер «ШҚО бойынша экология департаменті»ММ ұсынылды.

2020 жылы кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметі процесінде ұйымдастырылған ластану көздерінен атмосфералық ауаға лаस्ताушы заттардың шекті жол берілетін шығарындылары тіркелмеген. Атмосфералық ауаға лаस्ताушы заттардың нақты жалпы шығарындысы 2018 жылы 25,052 т/жыл болды, оның ішінде: қатты – 4,833 т/жыл, газ тәрізді және сұйық – 20,219 т/жыл, бұл белгіленген жалпы лимиттен аспайды – 25,052 т/жыл.

03.07.2020ж. ДП-13960 шартына сәйкес «Азиатская эколого-аудиторская компания» ЖШС кәсіпорынның санитарлық-қорғау аймағының шекарасында лаस्ताушы заттардың шығарындыларын аспаптық өлшеу жүргізілді. Сонымен қатар, Кәсіпорынның санитарлық - қорғау аймағының шекарасындағы лаस्ताушы заттардың шығарындылары бойынша нақты деңгей ең жоғары бір реттік және орташа тәуліктік мәннен аспайтындығы анықталды.

Жерасты сулары бойынша кәсіпорынның су тұтыну көлемі тәулігіне 50 м³ құрайды, жер асты суы



шаруашылық-ауыз су және техникалық мақсаттарға пайдаланылады. ҚР Су кодексінің 66-бабының талаптарына сәйкес тәулігіне 50 м³-ден кем тұтыну кезінде арнайы су пайдалануға рұқсат алу талап етілмейді.

2020 жылы Семей, Глубокое, Таврия, Күршім және Катонқарағай АЭЖ ұңғымаларынан жер асты суын алу жүргізілді.

03.07.2020ж. №ДП-13961 шартқа сәйкес есепті жылы жүргізілген жерасты ұңғымаларының мониторингі «Азиатская эколого-аудиторская компания» ЖШС алты ұңғыманы зертханалық талдау бойынша: (Семей АЭЖ (2 ұңғ.), Глубокое АЭЖ, Таврия АЭЖ, Катонқарағай АЭЖ, Күршім АЭЖ) су сапасы «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» СП №209 талаптарына сәйкес келетінін растады, тек Таврия АЭЖ ұңғымасы бойынша талдау судың екі көрсеткіш бойынша нормаларға сәйкес келмейтінін көрсетті: жалпы минералдану және кермектік.

Өндіріс және тұтыну қалдықтары кәсіпорынның өнеркәсіп алаңдарының аумағында уақытша орналастыруды және қоймалауды талап етеді. Өндіріс қалдықтарының түзілуінің рұқсат етілген көлемін анықтау бойынша есептер және қоршаған ортаның ластану деңгейінің қазіргі жағдайын бағалау талап етілмейді. Кәсіпорынның өндіріс қалдықтарын жинауға арналған жинағыштары жоқ. Қалдықтармен жұмыс істеу жобасын әзірлеу талап етілмейді.

ҚР Экологиялық Кодексінің талаптарына сәйкес кәсіпорын 21 дана қалдық төлқұжатын әзірледі, ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 31.05.07ж. № 169-п бұйрығымен бекітілген қалдықтар сыныптауышына

сәйкес кодтау жүргізілді.

Пайдаланылған құрамында сынабы бар шамдарды Кәсіпорын бөлімшелері Орталық қоймаға тапсырады, одан әрі пайдаланылған құрамында сынабы бар шамдарды шарт бойынша демеркуризациялауға тапсырады. 2020 жылы демеркуризацияға 500 дана сынабы бар шамдар тапсырылды.

2020 жылы «ЭкоЛюкс-Ас» ЖШС-мен Тарбағатай АЭЖ құрамында ПХД бар конденсаторларының 27 данасын кәдеге жаратуды жүргізуге 22.04.2020ж. ДП-13865 шарты жасалды. 2020 жылғы 17 тамыздағы №1 қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес аталған конденсаторлар одан оларды жою үшін «ЭкоЛюкс-Ас» ЖШС-не тапсырылды.

2020 жылы ҚОҚ және табиғатты ұтымды пайдалануды, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жүргізілетін ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар белгіленген нормаларға, ережелерге, нұсқаулықтар мен стандарттарға сәйкес келеді.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС

«Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқыту, нұсқау беру және білімдерін тексеру ережелері мен шарттары» сәйкес барлық басқарушы қызметкерлер қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша мерзімді оқудан өтеді. «Ұйымдардың қызметкерлерін және көпшілікті өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша оқыту ережелеріне және өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша оқытуға арналған оқу бағдарламаларының мазмұнына

қойылатын талаптарға» сәйкес ұйымның басшысы мен өрт қауіпсіздігі үшін жауапты адам өрт-техникалық мини-мумда оқытылды.

Серіктестікте 3 қалдық паспорты бар: қатты қалдықтар, электронды сынықтар, құрамында сынабы бар шамдар. Қоршаған ортаны қорғау мақсатында серіктестік жоғарыда аталған қалдықтарды жою үшін арнайы орналастыруды және мамандандырылған ұйымдарға жеткізуді жүзеге асырады.

Жұмысшылардың еңбегін ұйымдастыру жүйесі және компанияның әлеуметтік саясаты

Әлеуметтік тұрақтылық кадрлық құрамның тұрақтылығымен қамтамасыз етіледі. Қызметкерлердің тұрақтылығы мен біліктілік әлеуеті көбінесе кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығын анықтайды.

Адами капитал компаниялардың алдында тұрған стратегиялық міндеттерге қол жеткізу тиімділігі тәуелді болатын маңызды ресурс болып табылады.

Компаниялардың кадрлық саясатының мақсаты бірыңғай командалық рухқа ие және адами ресурстардың әлеуетін барынша іске асыру және корпоративтік өзара іс-қимыл тетіктерінің шынайылығы арқылы компаниялардың алдында тұрған міндеттерді сапалы әрі жедел шешуге қабілетті жоғары кәсіби еңбек ұжымын қалыптастыру болып табылады.

Компанияның кадр саясаты қызметкерлермен жұмыс істеу саласындағы ең үздік әлемдік тәжірибені ескере отырып, қазіргі тәсілдерді, Кадрлық менеджменттің жинақталған әдістері мен құралдарын біріктіруге арналған, осылайша, қызметкерлерді басқару саласындағы компаниялар тобының бірыңғай тәсілді қалыптастыруға және корпоративтік құндылықтар жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Компания тобының әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мынадай іс-шараларды іске асыру көзделген:

- Еңбекті төлеу деігейін арттыру;
- Компания тобының қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету;
- Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;
- Қызметкерлердің біліктілігін арттыру, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында.



«ШҚ АЭК» АҚ қызметкерлері

Аталуы	2020 жылғы 1 қаңтарға дерек	2020 жылғы 31 желтоқсанға дерек
Қызметкерлердің штаттық саны	3 131	3 159
Қызметкерлердің тізімдік саны	2 962	2 986
Қызметкерлердің нақты саны	2 866	2 885
Қызметкерлердің орташа тізімдік саны	2 948	

Кәсіпорынның штаттық саны 3 159 бірлік көлемінде бекітілген, оның ішінде әкімшілік-басқару қызметкерлері-114, өндірістік персонал-3045.


2020 жылдың 1 қаңтарына кәсіпорын қызметкерлерінің тізімдік саны 2 962 адамды, нақты – 2 866 адамды құрады. 2020 жылғы 31 желтоқсанда кәсіпорын қызметкерлерінің тізімдік саны 2 986 адамды құрады, ӘБК тізімдік саны - 116 адам, ӨҚ – 2 870. Қызметкерлердің нақты саны – 2 885 адам, ӘБК - 100 адам, ӨҚ – 2 785.

Кәсіпорын бойынша орташа жалақы 2019 жылы 139 227 теңгені, 2020 жылы – 153 507 теңгені құрады.

Кадрлардың тұрақтамауы 2019 жылы – 17,6 %, 2020 жылы – 16,1% құрады.


Жасы	Саны, адам			жалпы тізімдік саннан %		
	барлығы	оның ішінде		барлығы	оның ішінде	
		ер адамдар	әйелдер		ер адамдар	әйелдер
24 жасқа дейін	260	210	50	8,7	7,0	1,7
25–29 жас	365	284	81	12,2	9,5	2,8
30–49 жас	1455	1071	384	48,8	35,8	12,9
50 жас және жоғары	906	727	179	30,3	24,3	6,0
Барлығы:	2986	2292	694	100	76,6	23,4

Қызметкерлердің жасы бойынша қатынасы




- 30 жасқа дейін
- 30 жастан 50 жасқа дейін
- 50 жастан жоғары

Қызметкерлердің жынысы бойынша қатынасы




- әйелдер
- ер адамдар

Қызметкерлердің санаттар бойынша қатынасы




- ӘБК
- өндірістік қызметкерлер

Қызметкерлердің құрымы бойынша қатынасы



- Абай аймағы
- Алтай аймағы
- Басқармалар

Қызметкерлердің санаттар бойынша қатынасы



- басшылар
- мамандар
- қызметшілер
- жұмысшылар

«Шығысэнерготрейд» ЖШС қызметкерлері


31.12.2020 жылғы жағдай бойынша қызметкерлердің жалпы саны (тізімдік саны) 253 адамды құрайды, оның ішінде 2020 жылы 69 қызметкер қабылданды, 74 қызметкер жұмыстан босатылды, оның ішінде өз еркімен 61 адам. Осылайша, кадрлардың тұрақтамауы 27% құрады. 2020 жылдың 1 қаңтарына кәсіпорын қызметкерлерінің тізімдік саны 254 адамды құрады, нақты – 215 адам. 2020 жылдың 31 желтоқсанына кәсіпорын қызметкерлерінің тізімдік саны 254 адамды құрады. Қызметкерлердің нақты саны – 217 адам, ӘБҚ - 38 адам, ӨҚ – 179.

Кадрлардың тұрақтамауы 2019 жылы – 24 %, 2020 жылы – 27% құрады.


Атауы	Өлшем бірлігі	Факт
Қызметкерлердің штаттық саны	штаттық бірлік	243
Қызметкерлердің тізімдік саны	адам	253
Жұмыспен қамту түрі: толық жұмыспен қамту	%	69
Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын серіктестіктің жоғары басшылығының үлесі (топ-менеджмент)	%	100
Қызметкерлердің жалпы саны (тізімдік саны)	адам	253
Жалданған қызметкерлердің жалпы саны	адам	69
Ерлер <30 жас	адам	5
Әйелдер <30 жас	адам	20
Ерлер 30-50 жас	адам	12
Әйелдер 30-50 жас	адам	28
Ерлер >50 жас	адам	0
Әйелдер >50 жас	адам	4
Ұйымнан кеткен қызметкерлердің жалпы саны	адам	74
Ерлер <30 жас	адам	4
Әйелдер <30 жас	адам	19
Ерлер 30-50 жас	адам	15
Әйелдер 30-50 жас	адам	31
Ерлер >50 жас	адам	0
Әйелдер >50 жас	адам	5

Бұдан әрі қызметкерлер құрамы бойынша жынысы, жасы, санаты бойынша ақпарат берілген:


Қызметкерлердің жасы бойынша қатынасы




Қызметкерлердің жынысы бойынша қатынасы



Қызметкерлердің санаты бойынша қатынасы



Қызметкерлердің аймақтар бойынша қатынасы



Қызметкерлерді ынталандыру және сыйақы беру

2020 жылы «ШҚ АЭК» АҚ-ның бірқатар қызметкерлері Еңбек міндеттерін үлгілі орындағаны, ұзақ және мінсіз жұмысы, адал еңбегі және республиканың энергетикалық саласын дамытуға қосқан жеке үлесі үшін салалық наградалармен марапатталды:

«ШҚ АЭК» АҚ бойынша

Марапаттау атауы	Қызметкерлер саны
Мемлекеттік марапат: «Ерең еңбегі үшін» медалі	1
Мемлекеттік марапат: «Халық алғысы» медалі	3
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі:	3
«Электр энергетикасы саласына қосқан үлесі үшін» медалі	1
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі: «Құрметті Энергетик» атағы	3
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі: Құрмет грамотасы	6
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі: Алғыс хат	5
КЭА еңбек сіңірген энергетигі	3
КЭА Құрметті энергетигі	6
ҚЭА құрмет грамотасы	7
Шығыс Қазақстан облысының грамотасы	6
Облыс әкімінің алғысы	7

Қала әкімінің алғысы хаты	16
Компанияның медалі (“Мінсіз қызметі үшін”)	14
«100 ЛЕТ ПЛАНУ ГОЭЛРО» медалі	55
Басқарма Төрағасының Құрмет грамотасы	40
Басқарма Төрағасының құрмет грамотасы (Жастар орталығы)	34
Директорлар Кеңесінің Құрмет грамотасы	10
Басқарма Төрағасының Алғыс хаты	38
Барлығы:	258

«Шығысэнерготрейд» ЖШС

Марапаттау атауы	Қызметкерлер саны
«MINSIZ QYZMETI ÚSHIN» ШҚ АЭК медалі	3
Директорлар Кеңесінің Құрмет грамотасы	2
Энергетика ардагерлеріне арналған медаль	4
Энергетика күніне арналған грамоталар мен алғыс хаттар	29

Биыл алғаш рет энергетиканы дамытуға қосқан үлесі және жұмыстағы жоғары жетістіктері үшін «Шығысэнерготрейд» ЖШС Бас директоры Энергетика министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды.

«Мінсіз қызметі үшін» жоғары корпоративтік медалімен «ШҚ АЭК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС

17 қызметкері марапатталды. Медаль Энергетика саласына елеулі үлес қосқан қызметкерлерге беріледі. «Мінсіз қызметі үшін» корпоративтік медалінің иегерлері LG компаниясының бағалы сыйлықтарымен және ақшалай сыйақыларымен марапатталды.



«ШҚ АЭК» АҚ Жастар орталығының жұмысы

2020 жыл волонтер жылы деп жарияланды. «ШҚ АЭК» АҚ Жастар Орталығының қызметі қайырымдылық көмек, салауатты өмір салтын насихаттау, сондай-ақ пандемия жағдайында карантиндік шараларды сақтау сияқты әлеуметтік жобаларға бағытталды. Сондай-ақ қызметтің тиімділігін арттыру, ұйымшылдық пен компания қызметкерлері арасындағы өзара байланысты нығайту мақсатында онлайн режимінде түрлі акциялар өткізілді.

«ШҚ АЭК» АҚ Жастар Орталығының қатысушылары келесі жобаларды іске асырды:

Қаңтар – #БізБіргеміз жобасы

«ШҚ АЭК» АҚ жас қызметкерлері қар тазалау бойынша челленджді қолдады! Волонтерлар жылы аясында жас энергетиктер жалғыз басты зейнеткерлерге көмек көрсетті. Олардың көпшілігі табиғаттың дүлей күшінің тұтқыны болды, үйлерді қар басып қалды. Көмек Согра кенттерінде, Өскемен қаласының Защита ауданында және Семей қаласының Водный, Мирный кенттерінде көрсетілді.



Ақпан – «Жігерлі адамдар» жобасы

Жоба компанияда ұзақ уақыт жұмыс істейтін жас энергетиктер үшін үлгі болып табылатын қызметкерлердің кәсіби және жеке тарихымен таныстырады. Онда басты кейіпкер өзінің кәсібі, отбасы және қызығушылығы туралы айтады.




Наурыз - #ДаритеЖенщинамЦветы видеочеленджі

9 наурыз – әйелдер мерекесі қарсаңында ұжымның ерлері өздерінің жарларына, әріптестеріне, аналарына және операциялық залдардың келушілеріне гүл шоқтарын сыйлау акциясын ұйымдастырды.



Сәуір – #үйдеболайық челленджі

Шектеу шаралары кезеңінде компания қызметкерлері #үйдеболайық челленджі аясында бос уақытында өздерінің әуестіктері мен немен айналысатындарын бейнеде бөлісті.



Мамыр – «Жарқынбейне» жобасы

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына орай «ШҚ АЭК»АҚ мен «Шығысэнерготрейд» ЖШС мамырда #жарқынбейне #светлаяпамять Challenge-ін іске қосты.



Тамыз – Пандемия кезіндегі медициналық қызметкерлерге гуманитарлық көмек

Жеке қорғаныс құралдары түрінде аймақтағы коронавирустық пандемиямен күрестің басты майданындағы Шығыс Қазақстан облыстық оңалту орталығының дәрігерлеріне қолдау көрсетуге қатысу.



Қазан – 2020 «ШҚ АЭК» АҚ Жастар Орталығының слеті

Жастар Орталығының қатысушылары 2020 жылдың 9 айындағы жұмысы туралы бейне есеп ұсынды. Сонымен қатар, «Жас идеялар» Диалогтық алаңына ерекше назар аударылды.



Қараша – Футбол бойынша «ШҚ АЭК» АҚ командасын құру

Компания қызметкерлері арасында белсенді өмір салтын насихаттау және дене шынықтыруды дамыту тұжырымдамасын іске асыру мен қолдау мақсатында «ШҚ АЭК» АҚ қызметкерлерінен тұратын футбол командасы құрылды.



Желтоқсан – Семей қ. «4 Лапы» жануарларға арналған баспанаға көмек

Жастар Орталығы қатысушыларының бастамасы бойынша жануарларды жайлы жағдайда ұстау үшін Семей қ. «4 Лапы» жануарларға арналған баспанаға отын түрінде қолдау көрсетілді.



«Шығысэнерготрейд» ЖШС волонтерлерінің жұмысы

Серіктестік қызметкерлері Қазақстандағы жастар жылының лайықты логикалық жалғасы болған биылғы жылды өте күтті. «Шығысэнерготрейд» ЖШС базасында волонтерлер тобы құрылды. Топтың басты мақсаты - әлеуметтік бастамаларды іске асыру үшін азаматтық қатысу алаңы. Бұл қадам халықтың көп бөлігін волонтерлікке тарта отырып, ШҚО азаматтарының белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Біздің бағдарламада осы мақсатқа жетуге бағытталған бірнеше жоба қарастырылған:

ШЭТ бастамашыл тобының тұтынушының (зейнеткер, Мүгедек, ҰОС ардагері) жеке үйінің ауласын қардан тазалау.



«Асылсу» ЖШС «Устинка плюс». «Қарым - қатынас сыйла-жазылым сыйла» қайырымдылық акциясына қатысу. Устинка+ газетіне ШЭТ тұтынушылары-зейнеткерлерге бір айға тарту ретінде жазылу (9 адам).

Аз қамтылған көп балалы отбасыға көмек көрсету акциясы – Жаңа жылмен құттықтау және балалар киімі мен аяқ киімін жинау.



Балалар үйіне көмек (1048 дана жаялық сатып алу)



Волонтерлік - бұл ең алдымен жанның ерікті қызулығы. Өткен жыл волонтерлік қозғалыс біз үшін де жат емес екенін көрсетті. Біздің ұжым халықтың осал топтарына атаулы қайырымдылық көмек көрсетуді жалғастыруда, Волонтерлік қозғалыстың дамуына өз үлесін қосуда және «игі істер» марафоны 2021 жылы да жалғасады, өйткені біздің тату ұжымымыз әрқашан мұқтаж адамдарға жақсылық жасау және көмек көрсету қағидаттарын басшылыққа алады.

Алға - волонтерлар! «Біргеміз» - «Біз - біргеміз». Біз бір командамыз!

Оқыту және біліктілігін арттыру

«ШҚ АЭК» АҚ

Бүгінгі таңда «ШҚ АЭК» АҚ-бұл заманауи жабдықтар мен жаңа технологиялар ғана емес. Бірінші кезекте бұл кәсіпорынның ұйымшыл ұжымын құрайтын 3000-нан астам маман. Кадр саясатының негізгі бағыттарының бірі әрбір қызметкердің кәсіби өсуін ынталандыру және біліктілігін арттыру болып табылады. Компания корпоративтік басқару қағидаттарын сақтаудың жоғары деңгейін табысты көрсетіп отыр. «ШҚ АЭК» АҚ басшылығы үшін басты басым міндеттердің бірі техникалық кадрларды даярлау болып қала береді.

Кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру 2020 жылы кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі жоспарға сәйкес жүргізілді. Даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыруға арналған шығыстар 21 239 мың теңгені құрады, оның ішінде ӘБК – 1 770 мың теңге, ӨҚ – 19 469 мың теңге.

Қызметкерлерді оқыту келесі бағыттар бойынша өтті:

- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласында оқыту;
- инженерлік-техникалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және оқыту;
- әкімшілік-басқару қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.

В 2020ж.оду 914 человек прошли обучение и повышение квалификации за счет средств компании на общую сумму 21 239 тыс. тенге.

Оның ішінде оқытудан өтті:

- «УПЦ КЕС» ЖШС: «қауіпсіздік және еңбекті қорғау» - 245 адам, «өрт-техникалық минимум» - 361 адам.

- «БЖД-Сервис» ЖШС: «ГПМ жұмыстарын, қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды қауіпсіз жүргізуге жауапты тұлғалар...», «Автомобиль кранының машинисі», «Автокран және автогидрокөтергіш машинисі», «Бұрғылау және бұрғылау-кран машинасының машинисі», «Стропальщиктер», «Электр газымен дәнекерлеуші», «Жарамды жағдайда ұстауға жауапты тұлғалар», «ГПМ қауіпсіз пайдалануды қадағалау бойынша жауапты тұлғалар» - 263 адам.

АҚ және ТЖ саласындағы басшылық құрамның біліктілігін арттыру курстарына 6 адам қатысты.

Компания оқу ұйымдарымен өзара әрекеттеседі. «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК-мен «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары» мамандығы бойынша дуалды оқыту жүйесі бойынша студенттерді дайындау туралы меморандум жасалды.

2020 жылы өндірістік іс-тәжірибеге облыстың 3 жоғары оқу орны мен 6 колледжінен 100 студент қабылданды. Сондай-ақ, 3 түлек «Жастар іс-тәжірибесі» бағдарламасы бойынша жұмысқа қабылданды.

Олар Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ ШЖҚ РМК, «Геодезия және картография жоғары колледжі» КМҚК, «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК, «Электротехникалық колледжі» КМҚК, С. Сейфуллин атындағы «Қазақ агротехникалық университеті», «Көпсалалы технология колледжі» КММ, «Шемонаиха колледжі» КММ, «Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті» студенттері.



«Шығысэнерготрейд» ЖШС

Қойылған міндеттерді шешу және жоспарланған жобаларды іске асыру үшін жоғары білікті кадрлар қажет. Қызметкерлерді дамыту қызметкерлерді басқару бойынша «Шығысэнерготрейд» ЖШС қызметінің маңызды бағыттарының бірі және жалпы табысты қызмет факторы болып табылады.

Персонал біліктілігінің қажетті деңгейін қалыптастыру және қолдау үшін серіктестікте персоналды кәсіби дамытудың тиімді жүйесі құрылған және жұмыс істейді, ол сыртқы және ішкі оқытуды қамтиды және серіктестіктің талаптары мен даму перспективаларын ескере отырып, қызметкерлердің семинарларға, тренингтерге, конференцияларға қатысуын көздейді.

Серіктестік өз қызметкерлерінің кәсіби дағдыларын дамытуға және біліктілігін арттыруға мүдделі және қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту бағдарламаларына сәйкес өз білімін және кәсіби дамуына ұмтылысын лайықты бағалай отырып, барлық деңгейдегі қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін тең жағдай жасайды.

2020 жылы карантиндік шараларға байланысты оқыту қысқартылған түрде және бекітілген бюджет негізінде жүргізілді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша жалпы сомасы 98000 теңгеге 8 адам сырттай оқудан өтті.

Обучение персонала проходило по следующим направлениям:

- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау саласындағы оқыту;
- Сонымен қатар, кәсіпорынның қызметкерлері үшін мамандандырылған құрылымдық бөлімшелермен оқыту өткізілді - ішкі оқу, 136 адам өтті:
- өндірістік қызметкерлер - 100 адам;
- әкімшілік – басқару қызметкерлері - 36 адам.

Байланыс орталығы - 10 адам (нормативтік-құқықтық актілер, сондай-ақ серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттары бойынша)

Қызметкерлермен жұмыс істеу бөлімі - 20 адам (ішкі коммуникациялар, командада жұмыс істеу әдіснамасы және командалық рухты арттыру)

Шығыс, Семей аймақтарының өткізу департаментінің бас директорының орынбасары, директорларымен - СДД үшін оқытудан - 106 адам өтті (серіктестіктің ІНД бойынша, серіктестіктің нормативтік-құқықтық актілері бойынша)

Өткізу департаментінің қызметкерлері кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін, оның ішінде жаңадан қабылданған қызметкерлер үшін тұрақты негізде оқыту жүргізеді.



Корпоративтік басқару

Басқарма құрылымы



«ШҚ АЭК» АҚ Корпоративтік басқармасының жүйесі

Қоғам қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Қоғам тиімді корпоративтік басқару қоғамды капиталдандырудың тұрақты өсуінің, корпоративтік қақтығыстардың туындау ықтималдығын төмендетудің, инвесторлар үшін қоғамның тартымдылығын арттырудың, сондай-ақ имиджге оң әсердің негіз қалаушы шарты болып табылатынын негізге алады.

Корпоративтік басқарудың мақсаты тиімді қызметті қамтамасыз ету, оның акционерлік капиталының құнын ұлғайту, инвесторлардың құқықтарын қорғауды және Жалғыз акционердің мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Жалғыз акционермен корпоративтік басқару моделі анықталды, оған қатысушылар: «белсенді» акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма және орталықтандырылған ішкі аудит қызметі және қауіпсіздік қызметі.

Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметіндегі мүдделері корпоративті басқару саясатын (немесе бағдарламаларын) әзірлеу мен іске асыруда жүзеге асырылады, оған мыналар кіреді:

- еншілес және тәуелді ұйымдар қызметінің қаржылық нәтижелерін жоспарлау және бақылау;
- еншілес және тәуелді ұйымдардың қаржы-

шаруашылық қызметін бақылау;

- бизнесті басқару саласындағы еншілес және тәуелді ұйымдардың ішкі процестерінің тиімділігін үнемі жоғарылату;

- еншілес және тәуелді ұйымдардың инвестициялық тартымдылығы мен капиталдандырудың өсуін қамтамасыз ету;

- еншілес және тәуелді ұйымдардың кадр саясатын қалыптастыру және жүзеге асыру.

«ШҚ АЭК» АҚ қызметін жүзеге асыру барысында өз активтерінің бәсекеге қабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығын сақтау мақсатында корпоративтік басқарудың халықаралық практикасының жоғары стандарттарына бағдарланған. Компанияның корпоративтік басқаруы басқару органдарының, акционерлердің, мүдделі тараптардың мүдделерін көрсетеді. Корпоративтік басқару жүйесі кәсіпорын қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін үдерістердің жиынтығы, сондай-ақ «ШҚ АЭК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС Басқару органдары арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесі болып табылады. Органдардың құзыреті мен шешімдер қабылдау тәртібі компаниялардың жарғыларында нақты анықталған және бекітілген.

Корпоративтік басқару жүйесі келесіні қамтиды:


- Мәселелерді қарау және шешім қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтау;
- Органдар, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасындағы өкілеттік пен жауапкершілікті нақты бөлу;
- Басқарушы органдардың уақытылы және сапалы шешім қабылдауы;
- АҚ компаниялары қызметіндегі процестің тиімділігі;
- Компанияның заңнамасы мен ішкі нормативтік құжаттарына сәйкестігі.

Компаниялар тобында органдар мен құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер, сондай-ақ тиісті ұстанымдарға арналған лауазымдық нұсқаулықтар бекітілді. Осы құжаттардың ережелерін сақтау корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен реттілігін қамтамасыз етеді.

Корпоративтік басқарма органдары

Қоғамның корпоративтік басқарма органдары болып табылады:

- 1) Жалғыз акционер – жоғары орган;
- 2) Директорлар кеңесі – Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын және оның қызметінің басым бағыттарын айқындайтын басқару органы. Директорлар кеңесі үш мүшеден тұрады, олардың біреуі тәуелсіз директор болып табылады.
- 3) Басқарма – Қоғамның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.
- 4) Ішкі аудит қызметі.
- 5) Қауіпсіздік қызметі



Директорлар кеңесінің құрамы

2020 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі үш адамнан тұрды.

«ШҚЭК» АҚ Жалғыз акционерінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы №1-12-2017 шешімімен «ШҚ АЭК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы тағайындалды. «ШҚЭК» АҚ Жалғыз акционерінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі №3-04-2019 шешімі негізінде Директорлар кеңесінің құрамы өзгертілді.

2020 жылғы 1 қаңтардағы Директорлар кеңесінің құрамы:

- 1) **Нуртлеуов Шалкар Абугалиевич** – Кеңес Төрағасы;
- 2) **Делов Евгений Иванович** – Директорлар кеңесінің мүшесі;
- 3) **Дулкаиров Марат Турганбекович** – Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі.

«ШҚЭК» АҚ Жалғыз акционерінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы №1 шешімімен «ШҚ АЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Е.И. Деловтың өкілеттігі 2020 жылғы 17 қаңтардан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды, ал 2020 жылғы 20 қаңтардан бастап «ШҚ АЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып Е.А. Киркинбаев сайланды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің құрамы:

- 1) **Нуртлеуов Шалкар Абугалиевич** – Директорлар кеңесінің төрағасы;
- 2) **Киркинбаев Ерлан Амантаевич** – Директорлар кеңесінің мүшесі;
- 3) **Дулкаиров Марат Турганбекович** – Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Директорлар кеңесінің жауапкершілігі

Директорлар кеңесі жалғыз акционердің алдында қоғамның қызметін тиімді басқару және тиісті бақылау үшін жауапты болады және шешім қабылдаудың бекітілген тәртібіне сәйкес әрекет етеді. Директорлар кеңесінің аса маңызды функциялары Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау, ірі мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау және басқа да маңызды мәселелер болып табылады.

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы қызметі туралы есеп

Есепті кезеңде «ШҚ АЭК» АҚ Директорлар кеңесі 13 күндігі отырыс өткізді, оның барысында 42 мәселе қаралды. Директорлар Кеңесінің отырыстары жыл бойы «ШҚ АЭК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің, Басқарма Төрағасының ұсыныстары негізінде өткізілді.

Директорлар Кеңесі қабылдаған маңызды шешімдерге шолу:

1. Қоғамның Басқарма Төрағасы Е.А. Киркинбаевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;
2. Қоғам Басқармасының Төрағасы Е.Т. Мақановты тағайындау және лауазымдық жалақы мөлшерін айқындау туралы;
3. Қоғамды дамыту жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасарын тағайындау және оны Басқарма мүшесі етіп Б.К. Жанабаевты тағайындау туралы;
4. Қоғамның экономика және қаржы жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасарын тағайындау және оны Басқарма мүшесі етіп Т.А. Уразовты тағайындау туралы;
5. 2020 жылға арналған «Шығысэнерготрейд» ЖШС бюджетін бекіту туралы;
6. 2019 жылғы «ШҚ АЭК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС қызметінің нәтижелері туралы біріктірілген жылдық есепті бекіту туралы;
7. «Шығысэнерготрейд» ЖШС Бас директоры К.Т. Байтурбаевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;
8. 2020 жылға арналған «Шығысэнерготрейд» ЖШС бюджетін жабдықтау үстемесі бөлігінде бекіту туралы;
9. «Шығысэнерготрейд» ЖШС Бас директоры М. Г. Ахметовты тағайындау туралы;
10. «Шығысэнерготрейд» ЖШС Бас директорының ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары А.Б. Ситдиқовтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;
11. «Шығысэнерготрейд» ЖШС Бас директорының құқықтық және ұйымдастыру мәселелері жөніндегі орынбасары А. Арғынбайды тағайындау туралы;
12. Об 2021 жылға арналған «ШҚ АЭК» АҚ бюджетін бекіту туралы.

31.12.2020ж. «ШҚ АЭК» АҚ Басқармасының құрамы:

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ШҚ АЭК» АҚ Басқармасы 5 адамнан тұрды:

- 1) «ШҚ АЭК» АҚ Басқарма Төрағасы Маканов Ерлан Тлегенович.
- 2) Басқарма Төрағасының электр энергиясын сатып алу және тарату жөніндегі орынбасары Глибина Ирина Геннадьевна.
- 3) Басқарма Төрағасының даму жөніндегі орынбасары Жанабаев Бақытжан Кайратович.
- 4) Басқарма Төрағасының орынбасары - Бас инженер Кусаинов Талгат Мамырханович
- 5) Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Уразов Тимур Аскарлович.

Басқарманың Жауапкершілігі

Өз кезегінде, Басқарма Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру жөніндегі және Қоғамның қаржы-шаруашылық және өндірістік қызметінің ағымдағы мәселелері жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге жауапты болады. Басқарма Директорлар кеңесінің алдында қоғамның бизнес-жоспарына қол жеткізу бойынша атқарылған жұмыстың жай-күйі үшін есеп береді.

Осылайша, корпоративтік қатынастардың барлық қатысушыларының өз өкілеттіктерін, жауапкершілік аясын, есеп берушілігін, құқықтары мен міндеттерін түсінуі, қоғам жарғысында көрсетілген аспектілерді нақты бекіту мүдделер қақтығысының тәуекелін төмендетеді, демек, корпоративтік басқару қағидаттары мен құрылымының бірыңғай көрінісін жасайды.

2020 жылғы Басқарманың қызметі туралы есеп

2020 жылы басқарма 30 күндігі отырыс өткізді, онда «ШҚ АЭК» АҚ қызметіне қатысты мәселелер қаралды.

Басқарманың маңызды шешімдеріне шолу:

1. «Басшылардың лауазымына тағайындауды келісу туралы»
2. «Даму жөніндегі басқарушы директорды тағайындауды келісу туралы»
3. «Заң мәселелері жөніндегі басқарушы директорды тағайындауды келісу туралы»
4. 2021 жылға арналған «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ бюджетін бекіту туралы.
5. «ШҚ АЭК» АҚ ұйымдық құрылымын өзгерту туралы.
6. «2020 жылға арналған «Шығысэнерготрейд» ЖШС бюджетінің жобасын қарау туралы»
7. 2020 жылғы «ШҚ АЭК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС қызметінің нәтижелері туралы біріктірілген жылдық есепті алдын ала мақұлдау туралы».

Қоғам Басқармасының жұмысы акционерлердің мүдделерін барынша сақтауға, сондай-ақ қоғамның міндеттерін орындауға және оның стратегиясын іске асыруға бағытталған.



Шығысэнерготрейд» ЖШС корпоративтік басқару жүйесі



Серіктестіктің жарғысына сәйкес **Серіктестік органдарының** жүйесі:

- **Серіктестіктің қатысушысы** - Серіктестіктің жоғары органы - «ШҚ АЭК» АҚ Директорлар кеңесі - еріктестікті стратегиялық басқаруды жүзеге асыратын басқару органы;
- Бас директор - Серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылық ететін жеке-дара атқарушы орган.

Бас директор - Жеке-дара атқарушы орган: **Ахметов Мади Газизович**

Құзыреттілік аймақтары: серіктестікке жалпы басшылық жасау. Серіктестік жұмысына жедел басшылықты жүзеге асырады, серіктестік қызметінің түрлі бағыттары бойынша функционалдық және құрылымдық бөлімшелердің жұмысын ұйымдастырады, жоғары деңгейдегі үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынаста серіктестікті білдіреді.

Бас директордың қызметін бағалау қызметтің уәждемелік негізгі көрсеткіштері негізінде жүзеге асырылады.

Бас директордың қызметін қолдау мақсатында серіктестікте өзінің функционалдық міндеттері шеңберінде мәселелерді қарау және қандай да бір мәселе бойынша ұсынымдар әзірлеу міндетіне кіретін консультативтік-кеңесші органдар құрылған. Консультативтік-кеңесші органдар серіктестіктің бас директорына есеп береді және осы органдар туралы ережелерге сәйкес оларға берілген құзырет шеңберінде әрекет етеді.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша серіктестікте 2 тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган жұмыс істейді

Бюджет комитеті	Құрылған күні	Құрылды 31 Қаңтар 2013 ж.02.02.2018 ж. № 6 бұйрық негізінде әрекет етеді.
	Құру мақсаты	Алқалы негізде бюджетті және серіктестіктің сатып алу жоспарын қалыптастыру мәселелері бойынша шешімдер қабылдау және қаржылық ресурстарды ұтымды бөлу мен пайдалануға бақылауды жүзеге асыру.
	Реттемелеуші құжат	«Шығысэнерготрейд» ЖШС бюджет комитеті туралы ереже 3ред. (31.03.2016ж. бекітілді)
Дебиторлармен және кредиторлармен жұмыс жөніндегі Комитет	Құрылған күні	15.08.2013. құрылды. 19.10.2016 ж. № 74 бұйрық негізінде әрекет етеді.
	Құру мақсаты	Дебиторлық берешекті басқару, дебиторлық және кредиторлық берешекті өтеу бойынша бірыңғай саясат жүргізу
	Реттемелеуші құжат	10.10.2014 ж. дебиторлармен және кредиторлармен жұмыс жөніндегі комитет туралы ереже бекітілді.


«Шығысэнерготрейд» ЖШС Бақылау кеңесі 04.07.2018 ж. бекітілген Жарғының жаңа редакциясында Ұлттық жиналыстың ұстанымының алынып тасталуына байланысты тоқтатылды.

ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ



Нарыққа шолу және нарықтағы жағдай

ДейҚазақстанның электр энергиясы нарығының қолданыстағы моделі



«ШҚ АЭК» АҚ

Қазақстан Республикасының электр желілері электр энергиясын беруге және (немесе) таратуға арналған, кернеуі 0,4–1150 кВ қосалқы станциялардың, тарау құрылғыларының және оларды қосатын электр беру желілерінің жиынтығы болып табылады. Өңірлік деңгейдегі электр желілері өңірлер ішіндегі электр байланыстарын, сондай-ақ бөлшек сауда тұтынушыларына электр энергиясын беруді қамтамасыз етеді. Өңірлік деңгейдегі электр желілері өңірлік электр желілік компаниялардың (ӨЖК) теңгерімінде және пайдалануында тұр.

Энергия беруші ұйымдар (ЭБҰ) шарттар негізінде электр энергиясын көтерме және бөлшек сауда нарығының тұтынушыларына немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға меншікті немесе пайдаланылатын (жалдау, лизинг, сенімгерлік басқару және өзге де пайдалану түрлері) электр желілері арқылы беруді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының электр энергиясы нарығын электрмен жабдықтау секторы энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан (ЭЖҰ) тұрады, олар энергия өндіруші ұйымдардан немесе орталықтандырылған сауда-саттықта электр энергиясын сатып алуды және оны кейіннен түпкілікті бөлшек сауда тұтынушыларына сатуды жүзеге асырады. ЭЖҰ бөлігі «кепілдік беруші өнім берушілер» функцияларын орындайды.

«ШҚ АЭК» АҚ келесі энергиямен жабдықтаушы ұйымдар үшін электр энергиясын береді:

- э/э кепілдік беруші – «Шығысэнерготрейд» ЖШС (458 896 тұтынушы, оның ішінде 20 261-заңды тұлғалар);
- 23 басқа ЭЖҰ және тікелей тұтынушылар.

«ШҚ АЭК» АҚ қызметінің ең ірі пайдаланушылары «Шығысэнерготрейд» ЖШС, сондай-ақ «Өскемен ТМК» АҚ

және «Узень» ЖШС болып табылады. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында «Шығысэнерготрейд» ЖШС үлесі облысты тұтынуудан 29%, ал бөлшек сауда нарығында 69% құрайды. «Өскемен ТМК» АҚ, «ШҚ АЭК» АҚ желілері бойынша тұтынуы желі режиміне және энергия көздерін сатып алуға байланысты. «АВ Энерго» ЖШС, «Узень» ЖШС және басқа ЭЖҰ тұтынуы іс жүзінде өзгермейді және бір ЭЖҰ-дан екіншісіне ауысатын тұтынушылар санына байланысты болады.

Қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан облысының электр жүктемелерін жабудың өзіндік көздері болып табылады:

- «Риддер ЖЭО» АҚ (Лениногор ЖЭО);
- «Қаззмырыш» АҚ Бұқтырма МЭК;
- «Теплокоммунэнерго» МКӨ (Семей қ. ЖЭО);
- Лениногор каскад СЭС;
- «Согра ЖЭО» ЖШС;
- «АЕС Өскемен ГЭС» ЖШС;
- «Өскемен ЖЭО» ЖШС;

«АЕС Шүлбі СЭС» ЖШС. ШҚО электр энергиясы нарығында бірнеше энергия беруші ұйымдар өз қызметін жүзеге асырады – «КЕГОК» АҚ, «Казцинк-Энерго» ЖШС, «Энергис» ЖШС, «УМЗ» ЖШС, «ВК Энергия» ЖШС, «Востокнеупор» ЖШС, «ҚТЖ ҰК» АҚ, «Семей электрмен жабдықтау дистанциясы» және басқалар.

«КЕГОК» АҚ Ұлттық электр компаниясы болып табылады және тиісінше электр энергиясын ұлттық электр желілері бойынша беруді орындайды. ШҚО қалған энергия беруші ұйымдары өз балансындағы электр желілері бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асырады.


«ШҚ АЭК» АҚ Технологиялық шығындарды өтеу үшін және шиналарынан шаруашылық қажеттіліктеріне «АЭС Өскемен СЭС», «АЭС Шульба СЭС» ЖШС, «Өскемен ЖЭО» ЖШС және «Согра ЖЭО» ЖШС электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады.

Төменде «ШҚ АЭК» АҚ үшін 2020 жылға электр станциялары бөлінісінде электр энергиясын сатып алу құрылымы бойынша кесте келтірілген.

станция	Өскемен СЭС	ШСЭС	«ЭГРЭС-1» ЖШС	«ЭГРЭС-2» ЖШС	2020 год
тыс.кВт*ч	117 147	116 451	140 748	53 772	428 118

«ШҚ АЭК» АҚ-ның 10 ірі қызмет тұтынушыларының тізімі (электр энергиясын беру және тарату)

№	Тұтынушы-лардың атауы	2017 ж. (12 ай)		2018 ж. (12 ай)		2019 ж. (12 ай)		2020 ж. (12 ай)	
		мың кВт*сағ	мың теңге	мың кВт*сағ	мың теңге	мың кВт*сағ	мың теңге	мың кВт*сағ	мың теңге
1	«Өскемен ТМК» АҚ	304 625	1 167 217	473 466	2 063 589	677 722	2 830 684	485007	2 350 636
2	«Теміржолэнерго» ЖШС	46 782	179 146	42565	183 250	10 683	44 469	9227	44 261
3	«Алтай Энерджи» ЖШС	7 165	27 371	-	-	-	-	-	-
4	«АВ Енерго» (АВ Энерго) ЖШС	36 504	139 835	197 683	859 112	242 139	1 009 998	127581	623 228
5	«ВостокЭнергоТрейд» ЖШС	17 506	67 091	18 775	81 301	23 050	96 226	28356	134 612
6	«Узень» ЖШС	102 923	394 263	108 024	465 487	10 626	44 238	8758	41 686
7	«Алтайэнерго Трейд» ЖШС	2 055	7 874	3 147	13 534	87 078	364 764	183254	866 342
8	«Т энергетикалық кешені» ЖШС	113 049	433 881	23 714	102 465	23 172	96 607	230958	110 392
9	«Снабпромспецтех Компани» ЖШС	14 467	55 405	17 496	75 280	18 963	78 860	22382	105 540
10	«Шығысэнерготрейд» ЖШС	2 600 558	9 961 221	2 605 920	11 250 419	2 491 036	10 378 062	2 496 115	11 900 498



«ШҚ АЭК» АҚ желілері бойынша 31.12.2020 ж. деректер


№ п/п	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	Қосылған тұтынушылардың саны	абоненттер	458 896
2	Электр беру желілерінің жалпы ұзындығы, оның ішінде:	км	34 449,47
	ӘЖ-220 кВ	км	161,6
	ӘЖ -110 кВ	км	4 790,56
	ӘЖ -35 кВ	км	4 228,41
	ӘЖ -10 кВ	км	12 016,68
	ӘЖ -6 кВ	км	872,55
	ӘЖ -0,4 кВ	км	10 642,24
	КЖ-6-10 кВ	км	1 044,05
	КЖ-0,4 кВ	км	693,37
3	ТҚС, ЖТҚС, РП, ЦРП	дана	6 447
4	ҚС 35 кВ және одан жоғары, оның ішінде:	дана	311
	ҚС-220 кВ	дана	4
	ҚС-110 кВ	дана	116
	ҚС-35 кВ	дана	191
5	Күштік трансформаторлардың саны, оның ішінде:	дана	7 124
	Кернеуі 35 кВ күштік трансформаторлардың саны	дана	466
	Кернеуі 0,4/6/10кВ күштік трансформаторлардың саны	дана	6 658
6	Күштік трансформаторлардың жалпы қуаты, оның ішінде:	МВА	4 942,9
	35 кВ және одан жоғары күштік трансформаторлардың қуаттылығы	МВА	3 453,2
	0,4/6/10 кВ және одан жоғары күштік трансформаторлардың қуаттылығы		1 489,7
7	Күнгізбелік жыл ішінде тіркелген электр желілеріндегі ең жоғары жүктеме	МВт	745,7
8	Күнгізбелік жылдағы электр энергиясын беру көлемі	мың кВт*с	3 772 815
9	Күнгізбелік жыл ішінде электр желілеріндегі электр энергиясының нақты ысыраптары	мың кВт*с	412 997

Ескертпе: 2020 жылғы, оның ішінде жаңартылатын энергия көздері бар электр энергиясын беру көлемі


Қызметтің өндірістік көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	Бюджет	Факт	Ауытқу %
Желіге кіру көлемі	мың кВт с	3 888 907	4 200 933	-4,23
Э / энергия транзитінің көлемі (шаруашылық қажеттіліктерімен)	мың кВт с	3 444 888	3 787 936	-2,94
Э/э сатып алу шамасы	мың кВт с	444 019	428 118	-14,18
Э/э шығындары	мың кВт с	428 752	412 997	-14,60
	%	11,025	9,83	-1,19
Нормативтен тыс ысыраптар	мың кВт с	0	0	0

Шығындарды төмендету серпіні




2020 жылғы электр энергиясы ысырабының құрылымы



Бөлімше	Өлшем бірлігі мың.кВт*с
1 деңгейдегі шығындар (ЭБЖ 35-110кВ)	176 916
Алтай аймағы	143 670
Абай аймағы	92 411
Барлығы:	412 997

2013 жылдан бастап 2020 жылдарға арналған «ШҚ АЭК» АҚ электр энергиясын беру көлемінің серпіні



«ШҚ АЭК» АҚ бойынша 2020 жылдың 12 айындағы апаттық ажыратуларды талдау

«ШҚ АЭК» АҚ бойынша жылдар бойынша апаттық ажыратуларды салыстырмалы талдау
«ШҚ АЭК» АҚ – ның 2019-2020 жж. апаттары мен істен шығуы

Технологиялық бұзушылықтар	Саны		2020 ж / 2019 ж		Беру кемістігі, кВт*с		2020 ж / 2019 ж айырмашылығы	
	2019 ж	2020 ж	саны	%	2019 ж	2020 ж	саны	%
Апаттар	0	0	0	0	0	0	0	0
I дәрежелі істен шығу	0	0	0	0	0	0	0	0
II дәрежелі істен шығу	398	347	51	-12,8	521 621,4	373 013,6	148 607,8	-28,5
Барлығы:	398	347	51	-12,8	521 621,4	373 013,6	148 607,8	-28,5

Жыл	ӘЖ-220 кВ	ӘЖ-110 кВ	ӘЖ -35кВ	ӘЖ 6-10кВ	КС жабдықтары	Барлығы	0,4 кВ	Барлығы
2018	2	58	154	950	105	1 269	775	2 044
2019	2	63	119	855	127	1 166	464	1 630
2020	0	66	103	835	109	1 113	502	1 615
Электр энергиясын беру кемістігі, кВт*с, 2018 ж	0	253 640,7	242 058,8	709 760,2	102 511,9	1 307 971,6	88 995,5	1 396 967,1
Электр энергиясын беру кемістігі, кВт*с, 2019 ж	0	142 101,6	89 145,3	608 590,2	204 468,5	1 044 305,6	41 067,0	1 085 372,7
Электр энергиясын беру кемістігі, кВт*с, 2020 ж	0	123 723,1	83 125,4	602 320,3	129 067,5	938 236,3	34 616,4	972 852,7

Электр желілеріндегі апаттылықты төмендету бойынша іс-шаралар:

1. Апаттық ажыратуларды талдау, жиі ауытқитын ӘЖ бойынша себептерді анықтау (1 жыл ішінде 5 реттен артық), себептерді жою бойынша іс-шараларды орындау.

2. ҚС, ЭБЖ, ТҚС, КТҚС, ғимараттар мен құрылыстардың негізгі және қосалқы жабдықтарын толық көлемде жөндеу.

3. Арнайы техника сатып алу.

4. ПЭС, ЭБЖ жабдықтарының зақымдану себептерін жедел жою үшін жедел жөндеу бригадаларын ауыстыру және зақымданған жерге жеткізу үшін барлық жерде жүретін және мамандандырылған техниканы жөндеу және жұмысқа дайындау.

5. Өртке қарсы және аварияға қарсы іс-шараларды, жаттығуларды орындау.

6. «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің ШҚО бойынша аумақтық департаменті» нұсқамаларын орындау.

7. Автономды электр станцияларын жұмысқа дайындау.

8. Жөндеу жұмыстарын жүргізу кестесіне сәйкес күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа дайындау үшін, сондай-ақ авариялық қор құру үшін материалдар мен қосалқы бөлшектерді уақтылы сатып алу.

9. Күзет аймағындағы ЭБЖ трассасын тазалау.

10. ӘЖ Фарфор оқшаулағышын шыныға ауыстыру.

11. ССП қолдана отырып ЭБЖ жаңғырту және қайта құру.

12. ҚС, ЭБЖ негізгі және қосалқы жабдықтарын жаңғырту және қайта жаңарту, белгіленген мерзімнен тыс пайдаланудағы жабдықтарды ауыстыру.

13. Қызметкерлерді оқыту.

14. 10/6/0, 4 кВ тарату желілері мен жабдықтарының сұлбасын жаңғырту.

15. РҚЖА құрылғыларын енгізу және жетілдіру.

16. 0,4 кВ жағы бойынша 6-10 кВ тарапынан резервтеу.

2020 жылға арналған «ШҚ АЭК» АҚ жылжымайтын мүлік объектілерін орналастыру үшін заңдастыру (жер телімдеріне құқықты рәсімдеу) жоспарын орындау

2020 жылға арналған басым жылжымайтын мүлік объектілерін (ӘЖ 35-220 кВ, ҚС, ғимараттар) орналастыру үшін заңдастыру (жер телімдеріне құқықтарды ресімдеу) жөніндегі Жоспарды іске асыру шеңберінде ГЗО келесі іс-шаралар жүргізді.

2020 жылға бекітілген тарифтік смета және 2020 жылға бекітілген сатып алу Жоспары шеңберінде кәсіпорынның басым объектілерін орналастыру үшін жер телімдеріне құқықтарды ресімдеу жөніндегі қызметтерді сатып алу жүргізілді.

Жасалған шарттар шеңберінде жалпы сомасы 45 153 мың теңге ҚҚС есебінсіз басым жылжымайтын мүлік объектілерін орналастыру үшін жер телімдеріне ұзақ мерзімді жалдау құқығын ресімдеу бойынша жерге орна-

ластыру жұмыстары жүргізілді.

Жалпы ұзындығы 878,58 км ӘЖ 110-35 кВ, оның ішінде:

Ұзындығы 184,2 км ӘЖ 110 кВ, оның ішінде 140 км – жер телімдерінің шекарасын реттеу бойынша жерге орналастыру жұмыстарын орындау;

Ұзындығы 694,38 км ӘЖ 35 кВ.

Бұдан басқа, жер телімдерін ресімдеу бойынша қызмет көрсетуге жасалған шарттар шеңберінде жерге орналастыру жұмыстары жүргізілді:

- Өскемен қ., Нефтяная к-сі, 3 мекен-жайында орналасқан жер телімін бөлу бойынша жабдықтарды жөндеу қызметін ұйымдастыру үшін.

2018-2020 жылдарға арналған басым жылжымайтын мүлік объектілерін заңдастыру жоспарын орындау бойынша деректер (ӘЖ 35-220 кВ, ҚС, ғимараттар)

№ п/п	Нысандар атауы	Барлығы, км /дана	2018 ж. факт	2019 ж. факт	2020 ж. жоспарланған ресімдеу, км	2020 ж. жоспарланған ресімдеу, км	Барлығы 2018-2020 жылдар кезеңінде ресімделді, км / дана	Жоспарды Орындау, %
			Ресімделген, км /дана	Ресімделген, км /дана				
1	ӘЖ 110 кВ	1407,94	747,95	230,4	109,6	44,2	1022,55	73
2	ӘЖ 35 кВ	1064,07		328,77	541,18	694,38	1023,15	96
3	ҚС	58	51				51	88
4	Ғимараттар	46	27	8			35	76
5	ӘЖ 10 кВ			281				
Барлығы, км/дана		2472,01/104	747,95/78	840,17/8	651	738,58	2045,7/86	83/83

2020 жылы жылжымайтын мүліктің басым объектілеріне құқықтарды ресімдеудің жоспарланған көлемінен басқа, жалпы ұзындығы 140 км ӘЖ трассасы мен ӘЖ 110 кВ жер санатының өзгеруіне байланысты жер телімдерінің сәйкестендіру сипаттамаларын нақтылау (жер телімдерінің шекараларын реттеу) бойынша қосымша жерге орналастыру жұмыстары орындалды. Нақты ӘЖ бұрын қарыз (қаржыландыруды) тарту үшін қаралған болатын.

Жылжымайтын мүлік объектілеріне құқықтарды тіркеу мақсатында жылжымайтын мүлік объектілеріне мемлекеттік техникалық тексеруді орындау бойынша қызметтер сатып алынды. Жасалған шарттар шеңберінде жылжымайтын мүлік объектілеріне жалпы ұзындығы

733,27 км, 15 ӘЖ 110/35/10 кВ, 31 ҚС, 12 ғимарат, 2 АЭЖ базасы, 1 РТБ, 1 ТҚС мемлекеттік техникалық тексеру орындалды.

Бұдан басқа, жер қатынастары тобымен жылжымайтын мүлік объектілеріне түгендеу жүргізілді (ӘЖ 220/110/35/10/6 кВ, ғимараттар, құрылыстар).

Жүргізілген түгендеу нәтижесінде келесілер анықталды:

1. Басым объектілері бар жер телімдеріне құқықтарды ресімдеу қажет (ӘЖ 35-110 кВ, ҚС, ғимараттар):

Жер телімдеріне құқықтарды ресімдеу қажет басым объектілер (ӘЖ 35-110 кВ, ҚС, ғимараттар) бойынша деректер

№ п/п	Объектілердің атауы	Барлығы, км/ дана	Ескертпе
1	ӘЖ 110 кВ	430	Ұлттық ядролық орталық жерінде орналасқан 430 км, 2024 жылы рәсімдеуге жоспарлануда
2	ӘЖ 35 кВ	100	Оның ішінде: 48,96 км Ұлттық парк жерінде орналасқан, 33,8 км – 2021 жылы рәсімделуге жоспарланған, 17,2 км, 2022 жылы рәсімдеуге жоспарланған (2021 жылы жер телімдеріне құқықтарды рәсімдеуге дайындық жұмыстарын жүргізу жоспарлануда)
3	ҚС	9	Ұлттық ядролық орталық жерлерінде орналасқан 7 ҚС 2024 жылы рәсімдеуге жоспарлануда; 1 ҚС Ұлттық парктің жерінде орналасқан; 1 ҚС орман қоры жерлерінде орналасқан
4	Ғимарат	19	Қазіргі уақытта ГЗО рәсімдеу жағдайын нақтылау мақсатында 11 объектіге жер кадастры дерекқорынан мәліметтер өңделуде
Барлығы		530/28	

Бұдан бұрын «ШҚ АЭК» АҚ уақытша өтеулі жер пайдалануға ресімдеген, жер учаскелеріне жалдау мерзімі 2022 – 2025 жылдар кезеңінде аяқталатын ӘЖ 110-35 кВ басым объектілерін түгендеу кезінде келесілер анықталды - ӘЖ трассасының, бұрын ресімделген ӘЖ 110-35 кВ жер санатының өзгеруіне байланысты, жалпы ұзындығы 333,74 км 110-35 кВ ӘЖ жер телімдерінің сәйкестендіру сипаттамаларын нақтылау (жер телімдерінің шекараларын реттеу) бойынша жерге орналастыру жұмыстарын орындау қажет. Бұл жұмысты 2021-2023 жылдар аралығында жүргізу жоспарланған.

Өндірістің құқықтық талаптарға сәйкестігі

2020 жылы кәсіпорын 63 сот дауына қатысты, оның ішінде:


- 15 азаматтық іс бойынша талапкер ретінде;
- 14 азаматтық іс бойынша айпкер ретінде;
- 30 азаматтық іс бойынша үшінші тұлға ретінде;
- 4 әкімшілік іс бойынша тараптардың бірі.

Сот даулары



Талапкер ретінде 15 талап арыз берілді, олардың көпшілігі шарттық міндеттемелерді бұзу құрады:

Талап арыздар



- шарттық міндеттемелерді бұзу
- мемл. органдардың іс-әрекеттеріне шағымдану
- өзге де

2020 жылы Қоғам 1 415 шарт жасасты, оның ішінде:

- тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға 1040 шарт;
- қызметтің өзге түрлері бойынша 535 шарт;
- кадрларды оқыту және студенттердің тәжірибесінен өту бойынша 126 шарт.



Кәсіпорында 2020 жылы қадағалау органдары 25 тексеру жүргізді, олардың нәтижелері бойынша:

1. Ұйғарымдар берілді - 7 (1 ұйғарым орындау мерзімі 03.09.21ж. дейін);
2. Ескерту жасалды – 6;
3. 3 004 550 теңге сомасына 6 айыппұлға ұшырады, оның ішінде:

- ШҚО бойынша ПД Семей қ. ПБ ММ – 1 айыппұл (972 300 тг.);
- ШҚО бойынша ТЖД ММ – 1 айыппұл (138 900 тг.);
- ШҚО бойынша Индустриалды даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік департаменті ММ – 1 айыппұл (277 000 тг.);
- ШҚО бойынша көліктік бақылау инспекциясы РММ – 1 айыппұл (69 450 тг.);
- ШҚО бойынша жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы ММ – 1 айыппұл (1 389 000 тг.);
- ҚР ҰЭМ бәсекелестікті қорғау және дамыту комитетінің ШҚО бойынша департаменті ММ – 1 айыппұл (157 900 тг.).

«Фабрика идея» жобасының қызметі

2020 жылы Басқарманың 25.02.2020 жылғы №25 Шешімімен «Фабрика идея» жобасы іске қосылды. «Фабрика идея» жобасы бойынша идеяларды беру, қарау және іске асыру тәртібіне қойылатын негізгі талаптар 25.02.2020 жылғы КҚ 04-01 «Фабрика идея жобасы туралы кәсіпорынның қағидаларына» сәйкес анықталады.

Фабрика идея ағымдағы процесті жақсарту бойынша ұсыныстар жинау процесін жүзеге асыруға, процесті одан әрі қайта қарау кезінде идеяларды пайдалануға, үздік тәжірибелерді жинауға, жаңа идеяларды, бағыттарды, шешімдерді іздеуге және әртүрлі функциялардың қызметкерлері арасындағы функционалдық өзара іс-әрекетті қамтамасыз ету мақсатында идеялар генерациясына және оңтайлы шешімдер жасауға шектелмеген адамдар тобын тартуға арналған.

Келіп түскен идеяларды қарау процесін қамтамасыз ету және мақұлдау алған жобаларды одан әрі енгізу мақсатында 03.03.2020 жылғы №162 бұйрыққа сәйкес Жобалау комитеті құрылды.

Сондай-ақ, бағалау жүргізу процесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және келіп түскен идеяларды қарау үшін сараптамалық топ 03.03.2020 жылғы №22, 26.11.2020 жылғы №81 өкімдермен кәсіпорынның білікті мамандары қатарынан сараптамалық тобы тағайындалды.

2020 жылы «Фабрика идея» жобасы аясында 11 ұсыныс қаралып, оның 2 жобалау комитетінің шешімімен мақұлданды.

ЖШС «Шығысэнерготрейд»

Электр энергиясының нарығы екі деңгейден тұрады: көтерме және бөлшек.

Серіктестік үшін бөлшек сауда нарығы маңызды рөл атқарады.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС өзінің негізгі электрмен жабдықтау қызметін жүзеге асыру үшін электр энергиясын сатып алу-сату шартын және қызмет көрсету шартын жасайды.

Тауарлар мен қызметтерді жеткізушілер келесі топтарға бөлінеді:

I. Электр энергиясын жеткізушілер.


Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы» Заңына сәйкес «Шығысэнерготрейд» ЖШС өз тұтынушыларын энергиямен жабдықтау мақсатында энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады. «Шығысэнерготрейд» ЖШС үшін электр энергиясын жеткізушілер төмендегі кестеде келтірілген.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС электр энергиясын жеткізушілер 2020 ж.

Станция	Агрегаттар саны	Белгіленген жобалық қуаты	Қолда бар нақты қуат
Өскемен СЭС	4 гидроагрегат	339,4 МВт	315 МВт
Шүлбі СЭС	6 гидроагрегат	702 МВт	702 МВт
Өскемен ЖЭО	9 қазандық 75 т / сағ-нан 500 т/сағ-қа дейін; 8 турбина, қуаты 4-120 МВт	238,5 МВт	232 МВт
Согра ЖЭО	3 бу қазандығы, 160 т/сағ, 2 бу турбиналары 25 және 50 МВт	75 МВт	45 МВт
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	500 МВт-тан 2 энергоблок	1000 МВт	940 МВт
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	500 МВт-тан 8 энергоблок	4 000 МВт	3 500 МВт

Төменде диаграммада 2016-2020 жылдар аралығындағы электр энергиясын сатып алу көлемінің серпіні келтірілген

«Шығысэнерготрейд» ЖШС-нің 2016 жылдан 2020 жылға дейінгі нақты сатып алу көлемі




2016	2017	2018	2019	2020
2 671	2 619	2 633	2 515	2 525

2020 жылғы бюджет бойынша электр энергиясын сатып алу болжамы 2 565 млн. кВт * сағ. тең, ал сатып алу фактісі бойынша 2 525 млн. кВт*сағ. құрады.

Электр энергиясының нарығы климаттық және ауа райы жағдайларына байланысты, атап айтқанда, ЖЭО, СЭС жұмысының ерекшелігіне байланысты жыл бойы өзгереді. Жыл сайын электр энергиясын өндіру-тұтынудың маусымдық тапшылығы байқалады.

2020 жылы «Шығысэнерготрейд» ЖШС СЭС өндірісін және электр энергиясын сатып алуды талдау



Электр энергиясын өндірудің маусымдық сипатына байланысты күзгі-қысқы кезеңде электр энергиясы қуатының тапшылығы және көктемгі-жазғы уақыт кезеңінде қуат профициті байқалады.

Күзгі-қысқы кезеңде ШҚО қуатының тапшылығына байланысты жағымсыз салдарларды болдырмау үшін «Шығысэнерготрейд» ЖШС сыртқы энергия көздерінен, атап айтқанда «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ шиналарынан электр энергиясының жетіспейтін көлемін сатып алуды жүргізді.

II. Қызмет көрсетушілер:

1) «Шығысэнерготрейд» ЖШС энергия көздерінен тұтынушыларға дейін электр энергиясын беру «KEGOC» АҚ, «ШҚ АЭК» АҚ және басқа да энергия беруші ұйымдармен электр энергиясын беру бойынша қызметтерді көрсетуге арналған екі жақты шарттар негізінде өңіраралық, өңірлік және жергілікті деңгейдегі желілер бойынша жүзеге асырылады.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС үшін электр энергиясын беру қызметін жеткізушілер

Атауы	Орташа айлық көлемі, мың кВт * сағ	э/э сатып алудан %
«ШҚ АЭК» АҚ	208 010	98,74
«KEGOC» АҚ (жіберу)	114 784	54,49
«Казцинк-Энерго» ЖШС	50 052	23,76
«Энергис» ЖШС	3 104	1,47
ЭЧ-18 (Семей) «НК КТЖ» АҚ	1 651	0,78
ЭЧ-20 (Уштобе) «НК КТЖ» АҚ	275	0,13
«Шығысэнерго» ЖШС	1 476	0,70
«Теплокоммунэнерго» МКК	922	0,44
«Восток-Огнеупор» ЖШС	1 513	0,72
«ЕнбекОскемен» РМК	1 025	0,49
ВК Энергия	627	0,30
«Сип» ЖШС	331	0,16
«Бақыршық тау-кен кәсіпорны» ЖШС	286	0,14
«ҮМЗ» АҚ	23	0,01
«Риддер ЖЭО» АҚ	6 258	3,01

Электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызмет табиғи монополия саласы болып табылатындықтан, «Шығысэнерготрейд» ЖШС-де осы қызметтерді жеткізушілерді таңдауда балама жоқ, себебі тұтынушылар олардың желілеріне қосылды.

Өңіраралық және басқа деңгейлердегі желілер бойынша беруге арналған шарттар жария болып табылады, үлгі нысан бойынша жасалады.

Бұдан басқа, қызметтерді беру тарифтері монополияға қарсы органдармен келісіледі, осыған байланысты беру шығындары «Шығысэнерготрейд» ЖШС түпкілікті бағасында толассыз болып табылады.

2) жүйелік және қосалқы қызметтерді жеткізушілер:

- орталықтандырылған сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметтер («КОРЭМ» АҚ);
- Қазақстан БЭЖ-де электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер («KEGOC» АҚ);
- Қазақстан Республикасының электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату («Энергоинформ» мекемесі «KEGOC» АҚ).

Электр энергиясы нарығындағы бәсекелестік орта

Саланың дамуы төмен өсу қарқынымен және тұрақтылығымен байқалады.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС электр энергиясын тұтыну үлесі 2020 жылы ШҚО нарығында 29,35% құрайды.

2020 жылы ШҚО нарығында ЭЖҰ арасында «Шығысэнерготрейд» ЖШС электр энергиясын тұтыну үлесі 69,3% құрайды.

Электр энергиясы нарығындағы бәсекелестер энергиямен жабдықтаушы ұйымдар болып табылады.

Электр энергиясының республикалық нарығында «Шығысэнерготрейд» ЖШС бәсекелестеріне келесі нарық субъектілерін жатқызуға болады:

1. «Узень» ЖШС;
2. «АБ Энерго» ЖШС;
3. «Промснаб Астана» ЖШС;
4. «SilkWayEnergy» ЖШС.

ШҚО электр энергиясы нарығындағы бәсекелес ұйымдар

№	Атауы	2020 ж.		
		млн. кВт*с	%	%
			ЭЖҰ, ЭӨҰ және тікелей тұтынушыларды тұтыну %	ЭЖҰ тұтынуы (ЭӨҰ және тікелей тұтынушыларсыз)
	ЭӨҰ және тікелей тұтынушыларды тұтыну	4 959	57,6%	
	«Шығысэнерготрейд» ЖШС	2 525	29,35%	69,3%
1	«Семейэнерготрейд» ЖШС	114 293 334	1,3%	3,14%
2	«Алтайэнерго Трейд» ЖШС	188 011 412	2,2%	5,16%
3	«ДТХ Нефтегазмаш-сервис» ЖШС	42 765 873	0,5%	1,17%
4	«ВостокЭнерго Трейд» ЖШС	45 121 047	0,5%	1,24%
5	«СПСТ Компани» ЖШС	35 107 573	0,4%	0,96%
6	«Энергетикалық кешен Т» ЖШС	25 650 128	0,3%	0,70%
7	«ВостокЭнергоГрупп» ЖШС	8 291 829	0,1%	0,23%
8	«ЭИМ Жүйе трейдері» ЖШС	37 704 707	0,4%	1,03%
9	«АБ Энерго» ЖШС	126 482 435	1,5%	3,47%
10	«Узень» ЖШС	38 180 629	0,4%	1,05%
11	«УМЗ» ЖШС	148 864 375	1,7%	4,09%
12	«SilkWayEnergy» ЖШС	111 155 176	1,3%	3,05%
13	«Риддерэнергосервис» ЖШС	3 157 811	0,0%	0,09%
14	«Промснаб Астана» ЖШС	111 394 659	1,3%	3,06%
15	«Карагандацветмет» ПО	10 128 751	0,1%	0,28%
16	«Отанэнерго» ЖШС	28 545	0,0%	0,00%
17	«Энергоинновации» ЖШС	19 266 725	0,2%	0,53%
18	«Транзитэнергосервис» ЖШС	721 860	0,0%	0,02%
19	«Қазэнергоорталық» ЖШС (ШҚО)	1 169 561	0,0%	0,03%
20	«СемейПромЭнерго» ЖШС	4 432 801	0,1%	0,12%
21	«ЭнерджиКоммерц» ЖШС	5 214 165	0,1%	0,14%
22	«GP Trading» ЖШС	32 439 908	0,4%	0,89%
23	«Темиржолэнерго» ЖШС	9 227 491	0,1%	0,25%
	Барлығы	8 603	100%	42,4%

Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінің жүйелік операторының 2020 жылға арналған «KEGOC» АҚ нақты теңгерімі негізінде жасалған бәсекелес ұйымдар бойынша деректер.

ШҚО бойынша ЭЖҰ тұтынуын талдау

№	ЭЖҰ атауы	2020 жыл	
		млн. кВт*с	%
	ШҚО бойынша тұтыну	8 603	100%
1	ШҚО бойынша ЭЖҰ тұтынуы, оның ішінде:	3 644	42,4%
2	«Шығысэнерготрейд» ЖШС ШҚО бойынша тұтынудан	2 525	29,35%
3	«Шығысэнерготрейд» ЖШС ШҚО бойынша ЭЖҰ тұтынуынан		69,3%

